

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 73 (9650) 1955 жылғы 13 апрель Сәрсенбі Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйым.

Маяковский біздің советтік заманың таңдаулы, ең талантты ақыны болды және болып қалады да.

И. СТАЛИН.

Тұқым тасу тез аяқталсын

Бәзір көктемгі егіске әзірліктің ең шешуші кезеңі аяқталып келеді. Енді бірнеше күннен кейін облысымыздың колхоздары мен совхоздарында дала жұмыстары басталады. Сондықтан егіс жұмысына барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп шығу бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндет болып отыр. Осыған қарамастан егіске әзірлікте әлі де болса елеулі кемшіліктердің бар екендігі байқалады.

Быйыл облысымыздың колхоздары мен совхоздарының басым көпшілігі егісті өткен жылы дайындалған жерлерге егеді. Мұның өзі көктемгі ылғалды толық пайдаланып, егістің алғашқы күндерден бастап біркелкі көктеп, өсіп-өнуіне мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті дұрыс пайдалану үшін әрбір колхоз бен совхозда егіс жұмысы басталғанға дейін барлық тұқымның жеткілікті болуы шарт. Бірақ облыстың көп колхоздары мен совхоздарында тұқым әлі күнге дейін емес.

Тұқым дайындауда басты кемшілік айырбасталатын тұқымды және несиеге берілген тұқымды тасып алуда болып отыр. Көптеген колхоздар мен совхоздардың басшылары бұл жұмысқа немқетті қарап, тұқымды тез тасып алу ісіне іскерлікпен нақтылы басшылық етпей келеді. Ал ондай басшыларға аудан басшылары да ымырашылыққа салынып, ешбір шара қолданбай, тұқым тасуды егіс жұмысы басталғанға дейін тез аяқтауды талап етпей отыр. Әрине, бұл төзерлік жағдай емес.

Үстіміздегі жылдың 10 апреліне дейін Соколов, Конохов, Октябрь, Ленин және Преснов аудандарының колхоздары айырбасталатын тұқымды тасып алу жоспарын 6,7 проценттен 15,8 процентке дейін ғана орындады. Ал несиеге берілген тұқымды тасудың жайы Октябрь, Ленин, Совет, Мамлют, Полудень аудандарында да мардымды емес. Аталған аудандарда бұл тұқымды тасудың жоспары 11,0—26,7 процентке дейін ғана орындалып отыр. Осылай бола тұрса да, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, аудандардың басшылары тұқым тасуға транспорт күштерін толық қоспай келеді. Со-

дейін ғана орындалып отыр. Облыста дала жұмысы басталар алдында осындай жағдайда отырған аталған совхоздарда тұқым тасу ісі қай уақытта аяқталмақ, бұл жағдай совхоз басшыларын неге ойландырмайды деген орынды сұрақ туады. Амаз қанша, бұл сұраққа совхоз басшыларының «уақыт жетеді, үлгереміз» деп өздерін өзі тоқмейілігіп отырғандығын айтумен ғана жауап беруге болады. Сөз жоқ, маусымды жұмысты кешеуілдетудің іске зияны бар. Мұны аталған совхоздардың басшылары Кузнецов, Газинко, Әлжанов, Рубцов жолдастардың ұғынатын уақыты жетті.

Кәзір уақыттың әрбір минуты қымбат. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары, колхоз, МТС, совхоз басшылары өздерінде егіске әзірліктің барысын күнбе-күн қатаң бақылауға алып, орын алған кемшіліктерді дереу жоюдың шараларын деркесінде белгілеуге және ол шараларды мінсіз жүзеге асыруды ұқыптылықпен, іскерлікпен ұйымдастырып отыруға міндетті. Мұндай басшылықсыз егіске әзірліктің қалған аз уақыты ішінде істе кездескен кемшіліктерді жоюға болмайды.

Айырбастап алатын және несиеге берілген тұқымды дала жұмысы басталғанға дейін тез тасып алу үшін барлық транспорт күші, оның ішінде жүк автомашиналары, тракторлар, көліктер түгел жұмысқа қосылуы керек. Ал транспортта жүрген адамдар, атап айтқанда, шоферлар, тракторшылар, колхозшылар мен совхоз жұмысшылары өздеріне жүктелген міндетке жауаптылықпен қарап жол үстінде, сондай-ақ тұқымдық дөнді тиеу және түсіру кезінде бірде-бір минуттың босқа өтуіне жол бермеулері үшін күресулері қажет. Демек, бұл жолдастар өздерінің мемлекеттік маңызы зор жұмысты атқарып жүргендіктерін сезінуі тиіс.

Колхоздарға, сол сияқты, совхоздарға тұқым тасуда автороталарға да зор міндет жүктеледі. Өйткені бұларда жүк автомашиналары көптеп саналады. Егер ол машиналары бұл жұмысқа өнімді, тиімді пайдаланылса, онда облыста тұқым тасудың аз күн ішінде аяқталуына күмән келтіру-

АВСТРИЯ ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МОСКВАҒА КЕЛУІ

Кеше, 11 апрельде, Совет Үкметінің шақыруы бойынша Москваға Австрияның үкмет делегациясы келді.

Делегацияны Австрияның федеральдық канцлері Ю. Рааб мырза басқарады, делегацияның құрамында мыналар келді: вице-канцлер А. Шерф мырза, Сыртқы Істер Министрі Л. Фильг мырза, Сыртқы Істер Министрінің Статс-Секретары Б. Крейский мырза, Сыртқы Істер Министрінің саясат бөлімінің бастығы елші И. Шенер мырза, Сыртқы Істер Министрінің Халықаралық-Право бөлімінің бастығы елші С. Вероста мырза және олармен бірге еріп келген адамдар.

Орталық аэродромда Австрияның үкмет делегациясын ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары А. И. Микоян, ССРО Сыртқы сауда Министрі И. Г. Кабанов, ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары А. А. Громыко, ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары В. С. Семенов, ССРО-ның Австриядағы Төтенше және Полномочилі Елшісі және Жоғарғы Комиссары И. И. Ильичев, Москва Советі атқару комитетінің председателі М. А. Янов, Москва қаласының коменданты генерал-майор П. С. Колесников, ССРО Сыртқы істер министрлігінің үшінші европалық бөлімінің меңгерушісі С. Г. Лапин, ССРО Сыртқы істер министрлігінің протокол бөлімінің меңгерушісі Е. Д. Киселев, ССРО Сыртқы істер министрлігінің жауапты қызметкерлері, совет және шетел тілшілері қарсы алды.

Делегацияны Австрияның ССРО-дағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Н. Бишофф бастаған Австрия елшілігінің қызметкерлері, сол сияқты, бірқатар елшіліктер мен миссиялардың басшылары мен қызметкерлері қарсы алды.

Құрметті қарауыл қойылып, Австрияның және ССРО-ның Мемлекеттік Гимндері орындалды.

Аэродром Австрияның және Совет Одағының Мемлекеттік жалауларымен безендірілді.

Москваға келгеннен кейін Австрияның федеральдық канцлері Ю. Рааб мырза аэродромда микрофон алдында мынадай мәлімдеме жасады:

—Совет Одағы Үкметінің бізді, Австрия үкметін Совет Одағының осы ұлы қаласына шақырғаны үшін өзіміз және менің серіктеріміздің қуанышын білдіргім келеді. Совет Одағы ұлы Армиясының біздің елімізді ұлтшыл-социалистерден азат еткеніне міне он жыл өтті. Дәл осы күндерде келіп, біз Совет Одағы мен менің Отанымының арасында бұрынғыдан да тығыз қарым-қатынас орнатуға ұмтылуға жігерленіп отырмыз және бұл екі фактор бейбітшілік күшіне айналады.

(СОТА).

Солтүстік-Батыс облыстары мен автономиялық республикаларының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесі

ЛЕНИНГРАД, 11 апрель. (СОТА). Бүгін Таврия сарайында СОВН Орталық Комитеті шақырған Солтүстік-Батыс облыстары мен автономиялық республикаларының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі колхоздардың, МТС-тер

Кеңестің қарсаңында Н. С. Хрущев жолдас Кингисепі ауданының Димитров атындағы колхозында және Волосов ауданындағы «Сельцо» совхозында болып, колхозшылармен, колхозшы әйелдермен және ауыл шаруашылығының мамандарымен әңгімелесті.

БЕЙБІТШІЛІК ІСІ САЛТАНАТ ҚҰРАДЫ

Зор саяси өрлеу үстінде өтуде

Петропавл совхозының коллективі көктемгі егіс жұмыстарына қызу әзірленуде. Әсіресе соңғы күндері коллектив әзірлік жұмысын ерекше ұйымшылдықпен жүргізді.

Жөндеуші-механизаторлар еңбек өнімділігін үнемі арттыра отырып, тракторларды және ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспарын 1 апрельге дейін толық орындап шықты. Жөндеу ісінің жоғары сапада болуын қамтамасыз етті. Жарыста үнемі алда болған слесарь С. Гуц, В. Петяк, Н. Давыдов, ұста Р. Шляк, тракторшылар П. Кожбанов, П. Лукин, Кижнер жолдастар үнемі бір жарым-екі норма орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетті.

Совхоз коллективі кәзіргі уақытта Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің

Үндеуіне қол қоюда. Совхозда бұл науқан үлкен саяси өрлеу үстінде өткізілуде. Совхоз коллективі Үндеуге біркісідей қол қоя отырып, өздерінің бейбітшілік сүйгіштіктерін және Коммунистік партияның бейбітшілікті қорғау, халықтар достығын нығайту саясатын қуаттайтынын тағы да айқын көрсетуде.

—Американ империалистері соғысты өздерінің пайдасын арттыратын жағдай деп есептейді. Сондықтан да олар атом қуатын соғыс мақсатына, адамдарды жаппай қырып-жою мақсатына пайдалануға жанталасуда. Біз олардың бұл арам ниетін жүзеге асырмауға тиісіз және солай істейміз де,—деді тракторшы Лукин жолдас Үндеуге қол қою үстінде.

А. КИСЕЛЕВ.

Тыңға келген туыстар тілегі

Солтүстік Қазақстанға өткен жылы Иван Шикитович Баранцев өзінің «С—6» комбайнымен егін орағы жұмыстарына көмектесу үшін Украина ССР-ның Сталин облысынан келген болатын. Ленин ауданындағы Образцовая МТС-нің аймағындағы Молотов атындағы колхоздың егін даласында істей отырып, Баранцев жолдас өзінің агрегатымен 16 күннің ішінде 246 гектар жердің егінін жыйнады, 370 килограмм жанармай үнемдеді.

Иван Баранцевке бұл өлкеңің құнарлы жерлері тым ұнады. Ал, туған жеріне қайтып оралғанда ол өзінің семьясының алдында бұл жерге мүлдем көшіп келіп, қоныс аудару мәселесін көтерді. Семья мүшелері оның тілегіне қарсы болмады.

У. ҚАСЕНОВ.

Бейбіт еңбек үшін

«Индустрия» ауылшаруашылық артелинің (Мамлют ауданы) еңбекшілері елімізде атом соғысының катеріне қарсы өгін жатқан Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қол қою туралы науқанды зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Бұл Үндеуге қол қоя отырып, колхозшылар бейбітшілік ісін қорғауға әуақытта дайын екенін көрсетті.

— Біз өзімізін лаламыз да бітік егін

—Совет адамдарының бақыты бейбіт еңбекте, —деді зоотехник Киреев жолдас, —бірақ бізді мұхиттың аржағындағы атом бомбасын кезгенге жаңа соғыс отын тұтандырамын деушілер ешуақытта қорқыта алмайды. Біз қорқақтардың қатарынан шыққандар емесіміз, біз өзімізді-өзіміз қорғай аламыз. Міне, мұны жер жүзіне үстемдік құрамын деп қыялданушы агрессорлар есінен шығармасын!

қым тасуға көлік күшін пайдалануға жете мән берілмеген. Бұл аудандарда жүздеген көлік жұмысқа қосылмай, босқа жүр.

Бір мысал, Ленин ауданының 27 колхозында тұқымға деп дайындалған дәннің жүздеген центнерінің өңгіштік сапасы нашар болып шықты. Сондықтан ол колхоздар өңгіштігі нашар тұқымды жақсы тұқымға айырбастап алуға мәжбүр болды. Солай бола тұра да, 27 колхоздан тұқымды айырбастап алуға 12 колхоз ғана кірісіп, басқалары тұқым тасу ісін бастауды да мейлінше ұзаққа созып келеді. Мәселен, Образцовая МТС-нің қамтуындағы «Еңбек» колхозы 400 центнер билдей тұқымды айырбастап алуға тиіс болса, соған осы уақытқа дейін бірде-бір центнер тұқымды тасып алған жоқ. МТС қамтуындағы алты колхоздың екеуінде ғана тұқым жеткілікті. Бірақ бұл жағдай МТС директоры Корнев, инженері Санин, бас агрономы Кожасов жолдастарды қызылтар емес. Бұл жолдастар тұқым тасуға тыңғылықты басшылық жасамай, бұрынғысынша жайбарақаттыққа салынушылықпен келеді. Осыны көре тұрып, аудандық партия комитетінің секретарьлары Плевако, Сәрсенбаев, аудандық Совет атқамінінің председатели Қабдунасов жолдастар аталған МТС-тің басшыларына жұмған аузын ашпайды, олардан тұқым тасуды тездетуді қатаң талап етпейді. Осындай фактілер Соколов, Конюхов, Октябрь, Преснов аудандарында да бар.

Тұқым тасудың барысы совхоздарда да қанағаттанарлық емес. 10 апрельге дейін 37 совхоздан 8 совхоз ғана тұқым тасып алуды аяқтады. Ал Заря, Узынқөл, Чистов және Аманкелді атындағы совхоздарда бұл уақытқа дейін тұқым тасудың жоспары 6,1 проценттен 12,4 процентке

лардың басшылары тұқым тасу ісіне техника қуатын толық қоспай және қосылды деген техниканың жұмысына бақылау жасауды нашарлатып отырғандығын айта кету керек. Дәл осындай жағдай Явленка авторотасында бар. Бұл авторотада көктемнің қаумрт кезінде, тұқым тасудың барысының мейлінше баау болып отырған жағдайында 20-дан астам жүк автомашинасы түрлі бөгде себептермен іске қосылмай тұр. Авторота басшылары бұған «жанар май, доңғалақ және басқа да қосалқы бөлшектер болмай қалды» дегенді айтады. Мұның өзі авторота басшыларының өз міндеттеріне жауапсыз қарап, маусымды жұмысқа жүк автомашиналарын дайын етуге нақтылы басшылық етпегендігін көрсетеді.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы таяудағы бес-алты жылдың ішінде астықтың жалпы түсімін жыл сайын кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізуді, мал шаруашылығының өнімін екі-екі еседен аса өндіруді бүгін таңдағы маңызды міндет етіп қойды. Ұлан-байтақ еліміздің халқы бұл жауынгерлік міндетті бұлжытпай орындап шығу жолында аянбай еңбек етіп, қажырлықпен күрес жүргізіп жатыр. Бұл күреске белгілі мөлшерде өз үлесін қосу совет адамдарының ардақты борышы болып табылады. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары және шаруашылық орындары көктемгі егісті барлық жағынан тыңғылықты әзірлікпен қарсы алып, оны белгіленген мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуді қамтамасыз етулері керек.

Егін шаруашылығының мәдениетін арттырып, онан мол өнім алуға жетісудің негізгі көктемде қаланады. Мұны әрбір егінші есінде мықтап сақтауға тиіс.

Тың жерлерге

Еліміздің әртүрлі қалалары мен селоларынан 70 мыңнан аса жігіттер мен қыздар тың және тыңайған жерлерді игеруге барды. Аудандық және қалалық комсомол комитеттеріне өтініштер әлі де түсуде. Елдің шығыс аудандарына баратын жаңа эшелондар құрастырылуда.

Бір топ жаңадан қоныстанушылар Сыктывкардан жүріп кетті. Оның құрамында 50 коми комсомолецтері бар. Олар Алтай өлкесінің жаңа жерлерін игеруге аттанды. Өткен жылы Башқұртстанда 400 мың гектарға жуық тың және тыңайған жерлер игерілген болатын. Бұл іске жас башқұрттар зор үлес қосты. Жуырда Уфаның, Черныковскийдің, Ишимбайдың және республиканың басқа қалаларының 500-ден аса патриоттары жаңадан құрылған «Маяк» және «Матраевский» астық совхоздарына жүріп кетті.

Чита жастары Чита облысының Приаргунский совхозына жаңа жерлерді игеруші патриоттардың бір отрядын шығарып салды. Чкаловтықтар өз облысындағы «Буруктальский» совхозына жүріп кетті. Томскінің 250 жас патриоттары Алтай өлкесіндегі жаңа астық совхоздарын құруға барды. Каменск облысының 800 жігіттері мен қыздары Қазақстанның совхоздарына жүріп кетті.

Шымкенттің фельдшерлік мектебінде оқуды бітірушілердің емтиханы болды. Мектепті бітіріп шыққан 100 адамнан 40 адам тыңайған жерлер игеріліп жатқан аудандарға тұрақты жұмысқа баруға тілек білдірді. Жас медицина қызметкерлерінің өтініші қанағаттандырылды. Олар Ақмола облысына жіберілді.

(СОТА).

кеңесі ашылды. Кеңеске 1700-ден астам адам қатысуда. Олардың ішінде—колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тердің, совхоздардың және ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері, Архангель, Великолюк, Вологда, Калининград, Ленинград, Мурманск, Новгород, Псков облыстарының және Коми АССР-нің партия, совет, ауыл шаруашылық және дайындау органдарының басшылары бар.

Кеңестің жұмысына кеңеске қатысушылар ду қолшанапалақтаумен қарсы алған СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас қатысуда.

Олар колхоздарға барады

Кеше Петропавл темір жол станциясының қызыл мүйіз үйіне кәсіпорынның жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженер-техника қызметкерлері жыйналды. Олар СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің колхоздары басшы кадрлармен нығайту жөніндегі Үндеуін зор зейін қоя тыңдады. Мұнан соң коллектив мүшелері бірінен соң бірі сөз сөйлеп, партия мен үкметтің социалистік деревняға басшы кадрлармен көмек көрсету жөніндегі шақыруын қызу қуаттады.

Мінбеге бірінші болып станция кезекшісі, инженер Петр Гроздов жолдас келді. —Коммунистік партия мен Совет Үкметінің Үндеуін мен шын жүректен қызу қуаттаймын. Арта қалған колхоздарды алдыңғылардың қатарына қосу, сөйтіп, елімізде азық-түлік молшылығын жасау ісіне үлес қосу үшін деревняға

кеңесті ССРСР министрлер Советінің Председатели А. М. Пузанов жолдас ашты. Зор өрлеу үстінде кеңестің құрметті президиумына СОКП Орталық Комитеті президиумының мүшелері сайланды.

Солтүстік-Батыс облыстары мен автономиялық республикалары колхоздарының және совхоздарының ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді және мемлекетке тапсыруды арттыру жөніндегі шаралар туралы ССРО Министрлер Советі Председателинің орынбасары Н. П. Лобанов жолдас баяндама жасады.

Лобанов жолдастың баяндамасы бойынша жарыссөз өрістетілді.

жұмысқа барғым келеді. Мен бұрынғы колхозшының баласымын. Совет Үкметі жылдарында жоғары дәрежелі білім алып, индустриялды қалада жұмыс істеп келемін. Рас, менің ауылшаруашылық өндірісінен тәжірибем соншалықты мол емес. Бірақ, бұл менің талабым мен ынтыма бөгет бола алмайды.

Мұнан кейін станцияның кадрлар бөлімінің бастығы А. А. Емелин жолдас сөз алды. Ол 20 жылдан бері бір кәсіпорында басшы қызметте істеп келеді. Оның ұйымдастырушылық қабілетін, бұқараның құрметіне бөленгенін бүкіл коллектив мақтан етеді.

—Өзімің көпжылдық тәжірибемді колхоз өндірісін өркендету жолына жұмсауды ең қасиетті борышым деп білемін, — деп мәлімдеді Емелин жолдас. Жыйналыс Гроздов, Емелин жолдастардың тілегін толық қуаттады.

өсіру және қоғамдық малдың өнімділігін арттыра беру жолындағы күресте күш-жігерімізді аямай еңбек ететін боламыз, — деді артель мүшелері өздері қабылдаған қаулыда.

Колхозшылар бірікпесідей Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қол қойды.

Э. РАМАЗАНОВ.

Студенттер Үндеуге қол қойды

Қаладағы ауылшаруашылық техникумы коллективінің Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қол қою туралы жыйналысы болды. Жыйналыста оқытушылар, студенттер шығып сөйлеп, Үндеуді шын жүректен қолдайтындықтарын білдірді. Қарт оқытушы В. Ильина өзінің сөзінде былай деді:

—Біз соғысты сүйеміз. Бізге ұрпақтарды тәрбиелеу үшін, бақытты болашаққа жету жолында еңбек ету үшін бейбітшілік керек. Адам баласы ақыл-ойының ұлы табысы—атом қуатын бейбітшілік мақсаттарына, адам өмірін бақытты ету жолына пайдалануды қолдаймыз. Бұл —бүкіл дүние жүзінің адал ниетті

адамдарының тілегі. Сондықтан да совет халқы бастап отырған дүние жүзінің барлық игі ниетті адамдары зор қанағаттанғандықпен бұл Үндеуге өздерінің қолдарын қояды. Жаңа соғыс өртен тұтандырушылар бейбітшілікті жақтаудың мызғымас күшіне төтеп бере алмайды. Соғысқұмарлар өздерінің атом қаруымен қыр көрсету саясатынан халықтар алдында бас тартатын болады.

Ол сөзінің соңында техникумның барлық коллективін Үндеуге бірікпесідей қол қоюға шақырды. Жыйналғандар Үндеуге асқан жігерлікпен, ұйымшылдықпен қол қойды.

Е. ҚҰТЫШЕВ.

Тілегіміз—бейбітшілік

Мен былай IX-класста оқыймын. Бірақ мен өзімің сүйікті өкемнің тәрбиесін аз көрдім, өйткені ол соғыста өлді. Мені мейірімді партиямыз өзі тәрбиелеп өсіріп келеді. Интернатта тәрбиелеп, оқытып отыр. Менімен бірге туған-туысқандары Отан соғысы кезінде құрбан болған бірнеше оқушылар оқыйды. Біз соғысты жек көреміз. Көзір де елімізде жүріп жатқан Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қол қою науқанын шын қанағаттанғандықпен қолдаймыз. Біз бейбітшілік жағдайда еп-

бек етудің халық шаруашылығын онан әрі өркендетіп, халқымыздың мәдениетін гүлдендіре беретінін жақсы білеміз.

Біздің негізгі мақсатымыз мектепті бітіріп шыққаннан кейін өзімің адал еңбегімізбен халқымызға пайда келтіру. Біздің бұл тамаша ойымызды іске асыруымыз үшін бейбітшілік болуын тілейміз және бұл тілегіміз сөзсіз орындалады деп сенеміз.

Б. САДУАҚАСОВ.



Москва. (Солдан оңға қарай) 1. В. И. Лениннің жұмыс кабинеті. 2. В. И. Лениннің Кремльдегі пәтер үйінің асханасы. (СОТА-ның фотохроникасы)

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

ТЫҢҒА КЕЛГЕНДЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысынан кейінгі жерде станция коллективінің қатары жаңа жерге қоныстанушылар есебінен өселеп өсті. Еліміздің қалалары мен селоларынан тың және тынайған жерлерді игеру үшін біздің МТС-ке 168 адам келді. Жаңа жерге қоныстанушылар үшін тұрмыстық жағдай жасау, сойтіп олардың қажырлы еңбек етуіне мүмкіндік туғызу станция дирекциясы мен партия ұйымының басты міндеттерінің бірі болып келеді.

Өткен жылы алғашқы кезде жаңа келген ерікті патриоттарды тұрғын үйлерге орналастыруда едәуір қиыншылықтар кездесті. Өйткені ол кезде бізде үй жеткіліксіз еді. Бұл мәселені тезінен шығу үшін біз өткен жылдың көктемінен бастап арнаулы екі құрылыс бригадасын ұйымдастырып, оның құрамын таңдаулы адамдар есебінен толықтырдық.

Бригадаларға құрылыс материалдарын тасуға 10—15 жүк машинасы, бір трактор бөлінді. Мұның өзі Петропавл қаласынан құрастырмалы үйлерді, аудандық орман шаруашылығының учас-токтерінен құрылыс ағаштарын, тас, кірпіш, әк сияқты басқа да құрылыс материалдарын тасуды қамтамасыз етті. Бригада мүшелері арасында құрылыс жұмыстарының қарқынды қызу жүргізу, оның өзіндік құнын кеміту жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілді. Бұл жөнінде бригаданың өндірістік жыйналысында, партия ұйымының арнаулы жыйналыстарында мәселелер талқыла-нып, өндіріс озаттарының жұмыс тәжіри-белерін насихаттау, жұмыстары кемші-ліктерді дереу жою жөнінде шаралар бел-гіленіп отырылды. Құрылысшылар ар-сындағы ауызша және көрнекі үгіт бір мақсатқа, құрылыс жұмыстары кезінде, сапалы орындау мақсатына бағынды-рылды. Осының нәтижесінде күзге дейін жаңа жерге қоныстанушылар үшін екі-үш пәтерлі 11 үй, 100 адамдық жатақ-хана, асхана үйлері салынып, пайдала-нуға берілді.

Сонымен бірге біз жеке үй салушылар үшін де қамқорлық жасап, бұл жөнінде едәуір жұмыстарды жүзеге асырдық. Бірқатар жұмысшылар мемлекеттен ұзақ мерзімді несие алып, өздеріне жеке үй салып алды. МТС дирекциясы жеке үй салушыларға транспорт, мүмкіншілігі болған жағдайда, жұмыс күші жөнінде де көмек көрсетті. Бұл жұмыс жазды күні ғана емес, қыс бойы жүргізіліп келеді. № 7 трактор бригадасының бригадирі Ширумов, бухгалтер Лебедев жолдастар-дың семьялары талуадағы күндері жаңа салынған үйлерге кірмелі отыр.

МТС дирекциясы мен партия ұйымы партияның шақыруымен келген патриот-

тарды мамандығына және тілегіне қарай жұмысқа орналастыру мәселесіне баса назар аударды. Мәселен, Оралдың машина жасау зауытының бұрынғы қызметкері жоғары дәрежелі білімі бар инженер ком-мунист Бабкин жолдас станцияның бас инженері, Тимирязев академиясын бітір-ген москвалық Драгилев жолдас бас агро-ном, Петропавлдағы шағын двигательдер зауытының бұрынғы инженері Шевченко жолдас мастерской меңгерушісі болып істейді. Жаңа жерге қоныстанушылардың басым көпшілігі тракторшы, комбайншы мамандығын игеріп, өндірісте еңбек өне-ресін көрсетіп келеді.

Бізге келген жаңа қоныстанушылардың барлығы дерлік семьяларын көшіріп ал-дырды. Станция басшылары олардың семьяларын жұмысқа орналастыру мәсе-лесімен үнемі шұғылданып келеді. Мәсе-лен, Осокин жолдас бұрынғы шофер, кө-зір тракторшы, ал оның зайыбы тіркеуші болып істейді. Бізде бұл сыяқты бір-неше мамандықты меңгерген және семья-сымен жұмыс істейтін патриоттар көп-теп саналады.

Тың игеруге келген жолдастардың ба-сым көпшілігі өндірісте қажырлы еңбек етіп жүр. Трактор және ауылшаруашылы-қ машиналарын жөндеуде тың көтеруге келген Артемьев жолдас басқарған брига-да мүшелері өменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап, социалистік жарыста бірінші орынға ие болды. Осы бригаданың мүшелері коммунист Силь-ченко, комсомолец Хальзеев жолдастар трактор жөндеуде тапсырмаларын 200 процентке дейін орындап, еңбектің тама-ша үлгісін көрсетті.

МТС коллективінің рухани қажетін өтеу жөнінде де бірқатар шараларды жү-зеге асыруға тура келді. Бұл жөнінде, әсіресе жаңа жерге қоныстанушылар қа-тан талап қойды. Бұрын бізде қызыл мүйізден басқа ешқандай мәдени ошақ-тары болмайтын. Мұның өзі мәдени-ағар-ту жұмыстарын ұйымдастыру ісіне едәуір нұқсан келтіріп жүрді. Кәзір МТС дирек-циясы мен партия ұйымы бұл қиын-шылықты да жеңді. Өткен жылы 72 мың сомға клуб үйі салып алынып, ол толық жөндеуден өтті. Клубтың кең залына 300-ден астам адам сыяды. Оның бір бөлмесінде кітапхана жұмыс істейді. Мұнда киноустановка орнатылды. Клуб мәдени-бұқаралық жұмыстардың орта-лығына айналды.

Клуб үйі Советінің жоспары бойынша жұмысшылар үшін айына 8—9 рет кино көрсетіледі, кемінде 5—6 рет көркемөнер-паздардың концерттері қойылады. Клуб-тың жанында жас жұмысшылардың кү-шімен би, хор, драмалық үйірмелер жұ-мыс істейді.

Сонымен қатар клубта станция коллек-тиві үшін лекциялар мен баяндамалар жиі ұйымдастырылады. Лекторийдің құ-рамында инженер Бабкин, бас агроном Драгилев, бас зоотехник Қасымов, аға мал дәрігері Горбунов және басқалар бар. Олар арнаулы жоспар бойынша совет-тік ғылым мен озат тәжірибенің табыс-тары жөнінде лекциялар оқыды. Үсті-міздегі жылдың өзінде ғана МТС маман-дарының күшімен жұмысшылар үшін 10 нан астам лекциялар оқылды. Ол лекциялар-дың негізгі тақырыптары қолхоз ғалы-мы Т. С. Мальцевтің топырақ өңдеу жө-ніндегі әдісі, біздің облысымыздың жағ-дайында жүгері дақылын өсірудің агро-техникасы және басқа осы сыяқты мә-селелер жөнінде болды.

МТС механизмдарларының арасындағы саяси-тәрбие жұмысы мұнымен бітпейді. Бізде құрамында 20 адамы бар үгіт кол-лективі жұмыс істейді. Олардың жұмыс механизаторлардың жұмыс істейтін орын-дары мен тұратын жерлеріне қарай ұйымдастырылып отыр. Кәзір МТС-тегі саяси үгіттің мазмұны жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерге СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы мен ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясының материалдарын, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі-нің Үндеуін кеңінен түсіндіру, осының негізінде жұмысшылардың өндірістік белсенділіктерін оған әрі арттыра беру мақсатына бағытталып отыр.

Партия ұйымы коллективтің алдында тұрған міндетке сәйкес көктемгі дала жұмыстары кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыстың жоспарын жасады. Ол жоспар бойынша механизмдардың социалистік жарысын ұйымдастыруға бағытталған саяси-бұқаралық жұмыстардың, механи-заторларды мәдени қамту мәселелерінің шаралары жан-жақты белгіленді. Дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап, бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлері трактор бригадаларына көшіріл-ді. Үгітшілердің күн сайын өңірме өткі-зуі, мәдени қостарында саяси баяндама-шылар мен лекторлардың болуы ұйымда-стырылады. Сондай-ақ әрбір трактор бригадасында жылжымалы кітапхана, ра-диоқабылдағыш жұмыс істейтін болады.

Партия ұйымы механизмдарлар мен жұмысшылардың қажырлы еңбек етуі және мәдениетті тынығуы үшін қамқор-лықты оған әрі күшейтіп, ауылшар-уашылығы өндірісін ұйымдастыруда жа-ңа табыстарға жете береді. Бұл біздің абройлы ісіміз, ардақты борышымыз.

Ш. САДЫҚОВ,

Торанғұл МТС-і партия ұйымының секретары.



Петропавлдағы «Комсомолец» тігін фабрикасының озат тігіншісі Ұмындық Бекенова Бірінші май мерекесі күрме-тіндегі социалистік жарыс күндерінде өнімде ақау жіберместен, емена сайын біржарым норма орындап жүр.

СУРЕТТЕ: Ұ. Бекенова жұмыс үс-тінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

В. И. Лениннің туған күніне әзірлік

Солтүстік Қазақстан еңбекшілері Вла-димир Ильич Лениннің туғанына 85 жыл толуын кеңінен атап өту үшін әзірленуде. Облысымыздың өнеркәсіп орындарында, қолхоз, совхоздарында, мекемелерінде және оқу орындарында Владимир Ильичтің өмірі мен революциялық қызметі туралы лекциялар оқылып, әңгімелер өткізілуде.

Бұл күндері кітап оқушылар Лени-нің шығармалары мен Ленин туралы көр-кем әдеби кітаптарды көптеп алып оқу-да. Облыстық және қалалық, селолық кітапханаларда Ленин туралы кітап көр-мелері ұйымдастырылып, фотомонтаждар жабдықталуда. Облыстық кітапхана-кітап оқушылар үшін «Владимир Ильич Ленин драматургияда» деген тақырыпта лекция өткізді.

Сол сыяқты, қала мектептерінде де мерекелі кештер мен ертеңгіліктер өткізі-луде. Калинин атындағы орта мектептің оқушылары Владимир Ильич Ленин ту-ралы тақырыпта жаттап, өлеңдер оқуды ұйымдастырды.

Р. ҚАСЫМОВ.

Әңгімелер мен лекциялар

СОКП Орталық Комитеті январь Пле-нумының қаулысын еңбекшілерге кеңі-нен насихаттауда Совет ауданының «Ігіл-лік» колхозындағы мамандар: зоотехник Махин, агроном Алдабергенов жолдастар айтарлықтай жұмыс жүргізіп отыр. Олар оқу үйінде қолхозшыларға арнап Пленум

Ол—кәзір слесарь

Виктор Воробьев орта мектепті бітір-ген соң заводқа жұмысқа еніп, институт-ты қалаған мамандығы бойынша сырттан оқмы бітіруді ұйғарды.

Виктор мұндай шешімге бірден келген жоқ-ты. Оның Ұлы Отан соғысында қаза тапқан әкесі Алексей Гаврилович май-данға аттанғанша слесарь-лекальщик бол-ып істеді. Оның өндірістегі қажырлы еңбегі үшін алған мақтау грамоталары, озат слесарь жөніндегі газет мақалалары Воробьевтің үйінде әлі сақтаулы. Әкесі соғысқа кеткенде Виктор төрт жасар бала еді. Виктор бұл ескерткіштерді аса қамқорлықпен күтіп ұстап, әкесінің игі істеріне іштей қуанып, оны мақтан ететін. Жолдастарымен кездесе кеткенде мен де папағ сыяқты слесарь боламын деп қоятын ол.

Слесарьлық істің қандай өсенін әлі айқын білмейтін жас Виктордың жа-ңағы күңгірт мақсатының барған сайын айқындалып, дамуына шағын двигатель-дер зауытының аспап жасаушы слесарі Борис Каргополовтың ұзақ уақыт Во-робьевтармен көршілес туруы да үлкен көбеп болды. Зейінді, сөзімтал Виктор Воробьев жұмыстан бос уақыттарында слесарьлар жасайтын өнімдер жөнінде, оның ерекшеліктері туралы ерінбей айт-қан Каргополовтың әңгімелерін көңіл қоя тындап, оның әрбір сөзін жадында мық-тап қалдыруға тырысатын. Викторға, әсіресе маман жұмысшының:

—Слесарь-лекальщик миллиметрдің он-даған жүздеген бөлігіне дейін дәлдіктегі өлшегіш аспаптар жасайды. Ал мұның өзі асқан ептілікті керек етеді, — деген сөздері ұнайтын-ды.

X-классты бітіргеннен кейін Виктор өзінің слесарь болғысы келетін ойын шешесі Елена Ефимовнаға ғана айтты. Баласының бұл талабына анасы қарсы-лық білдірген жоқ. Бірақ «слесарь ма-мандығын бірден ұнатты меңгеріп кетсе жақсы... Кейін ұнатпаса не болмақ» деген ой Елена Ефимовнаны көп толқит-ты.

Бір күні Елена Ефимовна баласының шешімін анықтау үшін Виктордан:

—Сен өбден ойландың ба, ұлым, — деп тағы сұрады.

—Ия, ойландым, мама. Жұмыс істеп жүріп, сырттан оқуға болмай ма? Келесі жазда машина жасау институтының көш-кі бөліміне сырттан оқуға түсем.

...Комсомолец Воробьев Петропавл ша-ғын двигательдер зауытының аспаптар цехында үйренуші болып жұмысқа орна-ласты. Бұл цехта орта мектепті бітірген Виктордан басқа жастар да көп еді. Ми-хаил Спиридонов, Лилия Тильманова, Любовь Лукиналар да мектептен тікелей өндіріске келгендер.

Аспап жасаушылар жас жұмысшылар-ды өздерінің қамқорлығына алды. Цех бастығы Самойл Маркович Эдель мен ма-стер Дмитрий Кузьмич Маслов келгендері

үшін алдымен қажетті қалыңдықтағы та-бақ металдан «заготовка» әзірленеді. Содан кейін оның үстіне чертеж бойын-ша тетіктің нұсқасын салу белгіленеді. Оның ішкі жағы бұрғыланып, қашалады. Одан кейін фрезер станогында өңделіп, үсті тегістеліп, жоғары температурада қыздыру арқылы қатайтылады. Аспап жасаудың ең соңғы операциясы оның өлшеуіш беттері үстіне арнаулы майда ұнта себілген притир деп аталатын құ-ралда үйкелеп тегістеу болып саналады.

Алғашқы заготовка әзірлеу тапсырыл-ғанда көзбен шамалауға әлі үйренбеген, икемі аз Виктор бұрғылау жұмысын дұ-рыс жүргізе алмады. Мұның өзі кейінгі операциялардағы істі тым көбейтіп жі-берді.

Слесарь-лекальщик болып өз бітімен істеуге ауысқалы жүрген кезде двига-тельдің бұнақ біліктері мен жұмыр білік-терін өндірілгенде қолданылатын өлшеуіш аспаптың тұтқасын жасауға тапсырма ал-ды. Бұл аса дәлдікті керек ететін жауап-ты жұмыс еді. Бірақ қанша тырысқаны-мен даяр болған өнімді тапсыруға апар-ғанда бақылаушы Зоя Кондратьевна:

—Мына тұтқаларды ойған жерлердің өлшемі үлкен болып шыққан, ал, кей-біреулерінікі жетіңкіремейді! — деп аспап-тың біразын қабылдамай тастады.

Бұл күні Виктор осы заводтың меха-никалық цехында токарлыққа үйрену-ші інісі Владимирмен үйге бірге қайтты.

Екеуі де қуанулы. Үйге кірер-кірместе-ақ Викторды жақсы көретін әжесі Пела-гея Григорьевна, шешесі Елена Ефимов-на, алтыншы класта оқыйтын інісі Же-ня, кінкентай қарындасы Валя — әрі қоршап алды. Виктор оларға мамандық беру комиссиясында қандай сұрақтарға жауап бергендігін, нендей қиындықтар болғандығын асыға айтып жатыр. Бүгін оның үйіне Викторды жаңа мамандығымен құттықтау үшін достары Валентин Лябу-хин мен ауыл шаруашылығын механика-ландыру техникумының студенті Виктор Красных та келген екен. Олар да жас слесарьді құттықтап, алдағы уақытта жа-ңа табыстарға жетуіне ыны жүрекпен тілекестік білдіріп жатыр.

Біз цехта әдеттегі ісімен шұғылданып жатқан Виктор Воробьевтың қасына кел-дік. Жас жұмысшы бізге уақыты болып, слесарь мамандығын қалай меңгергенін айтты.

—Енді бұрынғыдай емес, жүрделі те-тіктерді тез жасауға жаттығып келе-мін, — деп Виктор жай ғана күліп, ста-ноктың жұмысын қайта байқап баста-ды.

Булаев аудандық партия комитетінің бюросы совхоздар аймағы жөніндегі аудандық партия комитетінің секретары Сотниченко жолдастың өзін тыңдады. Аудандық партия комитетінің совхоздар аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобы совхоздарда партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстарды едәуір жақсартты. Ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жөніндегі СОБП Орталық Комитеті септябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыруда совхоз коммунистері мен комсомолдерін өндірістің жауапты учаскелеріне жіберді.

Чистов, Возвышен, Совет және Ұзын-

көл совхоздары өткен жылды табыспен аяқтады. Бұл совхоздарда өнімнің өзіндік құны төмендеп, мал шаруашылығы өнімдері мол өндірілді.

Осындай жетістіктермен қатар топтың жұмысында көптеген жемшіліктердің орын алып отырғанын бюро атап көрсетті. Аудан совхоздары 1954 жылы өгіс дақылдары мен мал басын көбейту жоспарын орындай алмады. Астық совхоздарында да әр пектардан алынған өнім 8,9 центнер, ал Қарағанды совхозында 6,1 центнер ғана болды.

Турақты жемшөп қорын жасауда да нұсқаушылар нәтижелі іс істемеді. Өткен

жылы аудан совхоздарында жемшөп өзірлеу 59 процент орындалған болса, ал тамыржөмісті мал азығы бұл мөлшерден де аз болды. Мұның өзі мал шығынына жол берді. Аудандық партия комитетінің нұсқаушылар тобы совхоз экономикасына жете назар аудармады. Мысалы, Қарағанды совхозында астықтың, мал өнімдерінің өзіндік құны жоспарда көрсетілгеннен әлдеқайда қымбатқа түсті. Осының салдарынан совхоз 659 мың сом зыян шекті.

Аудандық партия комитетінің бюросы осы жемшіліктерді жоюдың шараларын белгілеп, қарар қабылдады.

оқып, баяндамалар жасады.

Жуық арада Махин жолдас «Малдардың өнімділігін арттырудың жолдары», агроном Аллабергенов жолдас «Картонты және жүгеріні шаршы-ұялап отырғызудың әдістері» деген тақырыптарда өңгіме өткізді.

А. АБЕРИН.

Машина алды

Колхоз ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозы жақында жүк машинасын сатып алды. Кәзір колхозда екі машина бар. Бұл машиналар тұқым тасу жұмыстарына пайдаланылуда.

Қ. ТАУБАЕВ.

қастың жұмысымен таныстырды. Нағыз өндірісті жаңа ғана көрген Виктордың алдында тамана жемісті еңбектің есігі ашыла бастады. Мастер Дмитрий Кузьмич аспапты дайындауда чертежды дұрыс оқып білудің қажет екендігін айтқан кезде Виктор Воробьев: «Орта білім нақ осы арада керек шығар» деп іштей қуанды.

Бұл цех кәсіпорнының басқа цехтарына керекті түрлі аспаптар жасап береді. Ал, аспап жасау әрбір жұмысшының білімді, ішкі болуын талап етеді. Алғашқы күннен бастап Виктор Воробьев слесарь-лекальщик Валентин Шерстобитовтың әрбір қыймылына, істеген деталіне назар аударып, үйренумен болды.

Бірақ жас жігіттің алғашқы адымы қыйыншылықсыз болмады. Аспап жасау

әде қанда жедел қарқынмен атқаруды үйреніпті. Ол еліміздің басқа заводтарында жасалатын кейбір ескі универсалды өлшеуші аспаптарды жөндеу ісін де менгеріп алышты. Виктор жуырда 0,01 миллиметр дәлдікке дейін өлшей алатын микрометрді, штапелді түзетіп шығарды.

Аспап жасаушылар Бірінші май мерекесі күресіндегі еңбек вахтасына тұрып, осы жылдың төрт айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындауды ұйғарғанда комсомолец Воробьев та өзіне көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Ол апрель айының ташырмасын асыра орындауға міндеттенді. Кәзір ол сменалық ташырмасын 125—130 проценттен орындап жүр.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуы қарсаңында

В. И. ЛЕНИННІҢ СОҢҒЫ МАҚАЛАЛАРЫ

Ленинизммен қаруланған Совет Одағының Коммунистік партиясы біздің халқымызды алға, коммунизмнің салтанатына қарай сеніммен бастап келеді. В. И. Лениннің «Күнделік дәптердің беттері», «Кооперация туралы», «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек», «Аз да болса, жақсы болсын» деген 1923 жылдың басында жазылған соңғы мақалалары марксизм-ленинизм қазнасына қосылған аса зор бағалы үлес болып табылады. Лениндік бұл еңбектер біздің елімізде социализм орнатудың программасын жасады және социалистік революция теориясын онан әрі дамыта түсті.

Өзінің соңғы мақалаларында В. И. Ленин елімізде істелген жұмыстың қорытындыларын шығарып, социализм құрылысының жоспарын белгіледі. Бұл еңбектерінде В. И. Ленин біздің елімізде социализмнің жеңу мүмкіндігіне терең сенгендік білдірді және ССРО-да социализм орнатудың мүмкіндігін жоққа шығарған троцкистік-бухарианшіл сатқындарға және Ресейде социализм орнатуға болмайдымыс, өйткені ол қажетті экономикалық және мәдени өркендеуге жетіскен жоқ міне сондықтан да ол буржуазиялық жолмен дамуға тиіс деп тұжырымдаған II Интернационал партияларындағы оппортунистерге де қырғата соғмы берті. В. И. Ленин социализм орнатуға не қажеттің бәрі де: пролетариат диктатурасының, жұмысшы табының басшылық ролі сақталған жұмысшы табы мен шаруалар одағының, ірі өнеркәсіптің пролетарлық мемлекеттің қолында болуының бізге бар екендігін дәлелдеді.

Социализм орнатудың лениндік жоспарында ауыл шаруашылығын және экономиканың басқа да салаларын қайта құрушы болып табылатын ауыр өнеркәсіп

аса маңызды орын алады. «Аз да болса, жақсы болсын» атты мақаласында В. И. Ленин ауыр өнеркәсіпті өркендету беруге, елді электрлендіруді өркендету беруге мүмкіндігіміз болу үшін біз қаражатты барынша көп үнемдеуді қамтамасыз етуге тиіспіз деп көрсетті.

Социализмнің материалдық негізі ретіндегі ауыр индустрияның ролі туралы лениндік қағида социалистік индустрияландырудың Коммунистік партия жасаған жоспарына негіз болды. Ал бұл жоспардың жүзеге асырылуы біздің елімізде социализмнің жеңісіне алып келді.

Социализм орнатудың лениндік программасының аса маңызды буындарының бірі Лениннің кооперативтік жоспары болып табылды. «Кооперация туралы» атты мақалада В. И. Ленин миллиондаған шаруаларды социализмге қатыстырудың жолын көрсетіп берді. Бұл жол — кооперация. Ол шаруалардың ұсақ шаруашылықтарын біріктіруге және оларды социалистік дамудың жолына түсіруге тиіс.

Лениндік кооперативтік жоспар идеяларының негізінде бірінші бесжылдық жылдарында ауыл шаруашылығын коллективтендіру жүзеге асырылды. Бұл өзіндік нәтижелері жағынан 1917 жылдың октябрінен революциялық төңкеріске тең мәңгес өте терең революциялық төңкеріс болып табылды.

Мәдени революцияны жүзеге асырмайынша социализмнің орнатылуы мүмкін болмайтындығын көрсете отырып, В. И. Ленин біздің елімізде өткен революция жасаудың орасан зор қыйыншылықтары бар, мәдени революцияны тек экономиканың барынша жоғары өркендеген жағдайында ғана жүзеге асыруға болады деп атап көрсетті. «Күнделік дәптердің беттері» деген мақаласында В. И. Ленин

халық бұқарасының мәдениетін көтеруге және ең алдымен жергілікті халықтың сауаттылығын арттыруға бағытталған бірқатар шараларды белгіледі. Владимир Ильич пролетариат диктатурасы салтанат құрып тұрған елде мәдениетті өркендетуге өте-өте қолайлы жағдайлардың бар екенін атап көрсетті. Социалистік революция төменнен миллиондаған адамдарды белсенді творчестволық қызметке көтерді, олардың творчествоға құштарлығын, білімге құштарлығын оатты. «...Халық бұқарасы, — деп жазды В. И. Ленин, — нағыз мәдениетке тап біздегідей, еш жерде де соншалықты құштар болып отырған жоқ; еш жерде де осы мәдениет мәселелері, тап біздегідей соншалықты терең және соншалықты дәйектілікпен қойылып отырған жоқ...» (Шығармалары, 33-том, 423-бет).

В. И. Лениннің «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» және «Аз да болса, жақсы болсын» деген мақалаларында мемлекеттік аппаратты жақсарту туралы айтқан нұсқауларының актуальді маңызы бар. Ленин біздің мемлекеттік аппараттарымызды тынбастан жақсартып отыруымыз керек екендігі туралы, бұл аппараттың барынша икемді, бюрократизммен аулақ, арзан, капиталистік қоршаудың күрделі жағдайында мемлекеттік міндеттерді дұрыс және тез шешуге қабілетті, жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту ісіне, ірі машиналы индустрияны өркендету ісіне қызмет етуге қабілетті болуы қажет екендігі туралы жазды.

Дүниежүзілік революциялық қозғалыстың дамуының перспективаларын анықтай отырып, В. И. Ленин социализмнің халықаралық масштабта түпкілікті жеңіске жетуінің сөзсіз екендігін талай рет атап көрсетті. Владимир Ильич езушілік

ке және қанауға қарсы күреске жер бетіндегі халықтың орасан зор көпшілігін капитализмнің өзі тәрбиелеп отыратындығын көрсетті. Күрестің нәтижесі, деп көрсетті Ленин, түбінде, Россияның, Индияның, Қытайдың және т. с. с. халықтың орасан зор көпшілігі болып алуына байланысты болады. Ал халықтың нақ осы көпшілігі соңғы жылдарда өзінің азаттығы жолындағы күреске өдеттен тыс жылдамдықпен араласуда.

Лениннің көмеңгерлік көрегендігі жүзеге асты. Біз кәзір 600 миллион халқы бар Қытайдың социализм жолымен өрлеуіне жеткендігіне, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының туысқандық одағы империалистік соғыс өртені тұтаңдырушылардың жолында қуатты кедергі болып отырғандығына, 450 миллион халқы бар Индия өзінің ұлттық азаттығы жолында күрес жүргізуде екендігіне куә болып отырмыз.

Дүниежүзілік тарихтың Лениннің соңғы мақалалары жарияланғаннан кейін өткен ондаған жылдар ішіндегі барысы лениндік көмеңгер идеялардың бүкіл даналығын, аса терең өмірлілігін, жасампаз ұлы күшін көрсетті. Соғыстан бұрынғы бесжылдықтар кезінде И. В. Сталин басқарған Коммунистік партияның басшылығымен халықтың жауынгерлік еңбегі арқасында лениндік жоспар бойынша бірінші дәрежелі ауыр индустрия жасалып, мұның өзі бүкіл халық шаруашылығын техникалық жағынан қайта құруға мүмкіндік берді.

Совет Одағы елді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жоспарларының жүзеге асырылуы нәтижесінде қуатты социалистік индустриялы-колхозды державаға айналды. Кәзіргі кезде социалистік өнеркәсіп өнімді, 1913 жылы Россия өнеркәсібі шығарғандағымен салыстырғанда, 30 есе артық өндіреді.

Әресе елді электрлендіру ісінде зор

табыстарға қол жетті. Өткен жылы совет электр станциялары, 1913 жылы Россия электр станциялары берген энергиямен салыстырғанда, энергияны 70 есе артық берді. Үстіміздегі жылы дүние жүзіндегі аса ірі Куйбышев су электр станциясы, Горький, Каховка және басқа да қуатты су электр станциялары тоғ беруге тиіс. Дүние жүзіндегі аса қуатты су электр станцияларының бірі — Сталинград су электр станциясының құрылысы қызу жүргізілуде. Советтік ғылым атом қуатын өркендетуде және оны бейбіт мақсаттарға пайдалануда зор табыстарға жетісті. Өткен жылы ССРО да дүние жүзінде ең тұңғыш рет пайдалы қуаттылығы 5 мың киловаттық атом қуатымен жүретін өнеркәсіп электр станциясы пайдалануға берілді.

СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумы атап көрсеткеніндей, Коммунистік партия, ұлы Лениннің ірі машиналы өнеркәсіп пен елді электрлендіруді ордайым өркендетіп отыру туралы ілімін басшылыққа ала отырып, бүкіл халық шаруашылығының және біздің Отанымыздың мызғымайтын қорғанышпаздығының берік негізі, совет халқының әл-ауқатын мүлтіксіз арттырудың қайнар бұлағы болып табылатын ауыр индустрияны онан әрі өркендету беруді, бұрынғыдай-ақ, өзінің басты міндеті деп санайды.

Ауыл шаруашылығына түбірлі өзгерістер енді. Ауыл шаруашылығын коллективтендіргенге дейін шаруалардың 25 миллион ұсақ және өте ұсақ жеке шаруашылықтары болса, кәзіргі кезде оның орнына 94 мың колхоз бар. Бұл колхоздарды бірінші дәрежелі машиналармен жабдықталған 9 мыңнан астам МТС қамтылды.

Лениннің миллиондаған шаруаларды өндіріс кооперативтеріне біріктіру жолымен оларды социализмге қатыстыру туралы арманы орындалды.

Коммунистік партия ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы, Совет

мемлекетінің қуаттылығының негізі — жұмысшы табы мен шаруалардың одағын одан әрі нығайту туралы тынбастан қамқорлық жасап келеді. Партияның Орталық Комитетінің январь Пленумы егішшілік пен мал шаруашылығын жаңадан қуатты өркендетудің программасын белгіледі. Пленум жасаған шаралардың жүзеге асырылуы социалистік экономиканың жаңа өркендеуіне, жұмысшы табы мен шаруалар одағының онан әрі нығайтуға жеткізеді.

Лениннің мәдени революция туралы арманы да ақиқат іске айналды. Кәзір Совет Одағы — озат мәдениет елі. Халықты жанай сауаттандыруға соғысқа дейінгі жылдардың өзінде-ақ қол жеткен болатын. Кәзіргі уақытта бізде жалпыға бірдей жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта білім алуға көшу жүзеге асырылуда. Үш жарым миллионнан астам адам жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқиды. Ал АҚШ-та сауатсыздар бірнеше миллиондап саналады. Американың баспасөзінің деректері бойынша, өткен жылы ССРО-да инженерлер, АҚШ-тағымен салыстырғанда, екі жарым есе артық даярланған.

В. И. Лениннің соңғы мақалаларында дамытылған қағидалар кәзірде де Совет Одағының Коммунистік партиясы мен совет халқы үшін коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте іске басшылық болып қызмет етуде. Лениндік идеялар социализм орнатып жатқан халықтық демократия елдерінің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін және барлық еңбекшілері үшін жолсөздер жарық жұлдыз ретінде қызмет етіп келеді.

Лениннің ұлы идеялары өздерінің империалистік құлдыққа қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресінде капиталистік елдердің, отар және тәуелді елдердің еңбекшілерін рухтандыруда.

Н. ВЛАДИМИРОВ.



V. V. Маяковский



Ертең заманымыздың ең талантты ақыны Владимир Маяковскийдің қайтыс болғанына 25 жыл толады

★ Владимир МАЯКОВСКИЙ

СОВЕТТІК ПАСПОРТ ТУРАЛЫ ӨЛЕН

Мен қасқырша
Мытыр ем
Төрелікті
Мандаттарды
Құрметтеу
Жоқ-ақ әлі.
Өзге
Қағаз біткендер
Жоғал тіпті,
Сайтан алсын дер едім.
Ал мынаны...
Бойын өрлей
Қуна мен
Қаюттардың
Чиновник маңызданып
Жүріп келді.
Жұрт паспортын—
Берді оған,
Мен де бердім—
Өзімнің
Нарттай қызыл кінежемді.
Кей паспортқа—
Жымыйып езу тартты.
Кейбіріне
Қарайды тыжырынып,
Мысалы алды
Құрметтен
Бір паспортты
Қос арыстан басы бар
Ағылшындық.
Жаутаң қағып,
Бас иіп,
Жаны қалмай,
Ізет тұтып
Алдында игі ағаның,
Кәдімгі бір
Шай-пайлық теңге
Алғандай,—
Паспортын
Алды келіп американның,
Афишаны көргендей
Ешкі үңіліп,
Польшаның
Паспортын да ашты келіп,
Ашты да
Бөзі тіпті шықты ұядан
Қайдағы
Бұл жаңалық?—
Деп ойлады,
Ніл сықылды
Полицей сұсты жаман:
Қылша мойны
Бұрылмай қатып қалған,
Елтипатсыз

Отқа күйіп,
Аузы-басын қысаптың
Тақсыр тұрды.
Бұл господин чиновник
Алды келіп
Менің
Қызыл тері тыс
Паспортымды.
Алды
Бейне—бомбадай,
Я, кірпідей,—
Паспортымды
Қос жүзді
Ұстарадай.
Паспорт
Оған
Жеті бас
Улы тілді
Көріңді
Екі метр—оқ жыландай.
Берді ишарат
Ым қарып
Жүк тасыған
Боп жүріп
Жай жаныңда.
Жандарм
Десе—
Тыңшы
Нені сезді,
Тыңшы қарайд
Ақырын жандарма.
Мәз болар ед
Жандарм
Қайнап қатты
Ұрып-соғып
Тепкілеп
Маған қас қыш,—
Болғандықтан:—
Қолымда
Балға, орақты
Айбыны зор
Советтік қызыл паспорт.
Мен қасқырша
Мытыр ем
Төрелікті
Мандаттарды
Құрметтеу
Жоқ-ақ әлі!
Өзге қағаз
Біткендер
Жоғал, тіпті—
Сайтан алсын дер едім.
Ал мынаны...



МӘНГІ ЖАСАЙТЫН ЖЫРЛАР

Революцияның жалынды жыршысы, заманымыздың аса талантты ақыны Маяковскийдің жырлары біздің жастарымызды коммунистік рухта, советтік пат

ЖАСТАРДЫҢ СҮЙІКТІ АҚЫНЫ

Мен В. В. Маяковскийдің шығармаларын сүйіп оқыймын. Оның жырларында жаңа социалистік дәуір адамдарының ең жақсы қасиеттері жырланады. Ақын

★ Сәбит МҰҚАНОВ

ПОЭЗИЯ МАРШАЛЫ

Тоқтат,
Дүние
Дабырды!
Не керек,
Бүнкіл
Ескі оймен,
Тыңдайық жаңа дабылды,
Жолдас Маяковскийден.
Поэзия маршалын
Көрдің бе,
Қызыл алаңда?
Поэзия полкіне
Бергелі шықты
Команда.
Тыңда,
Даусын,
Дүние!
Деді
Әне,—
«Бір, екі, үш!»
Бар емес пе,
Даусында
Зенбіректен
Артық күш!
Ораған сөзі
Жер шарын
Емес пе,
Ұшқыр—
Найзағай!
Әр дыбысы
Дұшпанды.
Түйремей ме найзадай
Сол дауыстай
Бар ма
Екпін
Теңіздерде тасыған?
Ырғағы аттап өтпей ме?
Заманнан,
Дәуір,
Ғасырдан?
Революцияның
Ұраншыл—
Үгітшісін
Тыңда,
Жұрт! ...
Маршалға
Біз де
Берейік
Жорықтан
Аз рапорт.
Орындадық
Сен берген
Бұйрықты—

Жылмаңдаған
Бандалар.
Сен
Бастаған полктің
Кім шықпақшы
Алдына.
Қудық поэзиядан
Пайданып
Снегулянттарды да.
Оқтай
Тығыз тізіліп
Бұзбауда полкің
Қатарын.
Судан таза,
Күннен зор
Ұстады
«ақын»—
Атағын.
Сен
«Маршында»
Айтқан сөз
Ақындардың аузында.
Бейбітте—қалам,
Соғыста—
Сөз берілді
Маузерға.
Поэзия полкінің
Үйінде де
Түзінде
Бірақ ой,—
—Ол—
Үгіттеу
Халықты—
Коммунизмге.
Компартия маңына,
Ақындар,
Сен жыйнаған.
Алды нұсқау.
Сталиннен,
ЦЕКАдан,
Политбюродан:
Партия мен үкмет
Тапсырмасын
Орындап.
Сталиннен
«Инженер»,—
Деген,
Ақын
Алды ат,
Дұшпанға—дауыл,
Досқа—жаз,
Дауысыңды

Алды
Лезде
Тағы
Өртүрлі
Өне бір.
Келет—
Шөпшү түскендей

Кең қалта шалбарымнан
Дубликатымды
Ең асыл,
Ең қымбатты,
Бөріңдер,
Күндесеңдер, күйіңдер
Мен
Совет Одағының—
Азаматы.

1929 жыл.

Ұстазым сен

«Бар дауыспен» поэмасы,
Сүйсініп шын жазған бірде
Жүрек сыры — жыры «Жақсы».
Ол халықты шексіз сүйді,
Жоқ деп борыш мұнан артық.
Оның сөзі оқтай тиді,

Жау жүрегін тіліп-шаншып,
Маяковский — ұстазым сен,
Біз ұрпағың көдір тұтқан,
Мен қызығып оқып түсем,
Жырларыңды жанды ұйтқан.
Рахметолла УӘЛИЕВ.

орын алады. Өзін ақындық дауысып
«Менің революциям», «Менің республи-
кам» деп бастаған Маяковскийдің әрбір
жыры, социалистік қоғамның әрбір ада-
мының жүрек үні.

Оның идеясы жоғары, тілі өткір өлең-
жырлары еңбекші халықты социализм
үшін күреске жұмылдырды, олардың же-
ніске деген сенімдерін күшейтті. Маяков-
скийдің барлық жырлары партиямыз бен
жұмысшы табына деген сүйіспеншілік
сезімінен туған. Оның шығармалары жас-
тарымызды социалистік Отанды, Комму-
нистік партияны, еңбекші халықты сүйе-
ге тәрбиелейді.

В. Маяковскийдің поэзиясы коммунист-
тік болашақпен бірге жасайды.

Г. ЕСПОЛОВА,
№ 5 орта мектептің өдебиет пәнінің
оқытушысы.

Ақынның өзі айтатын «партиялық жүз
томдық» жырлары жастарымызды сергек-
тікке, өз күшіне сенуге, қоғам мүддесін
бәрімен жоғары санай білуге және өз
халқының бақыты үшін еңбек етуге
үйретеді.

Мен, әсіресе ақынның бейбітшілік та-
қырыптарына арнап жазған жырларына
шексіз ұнатамын. Ол бұл жырларында
халықтарды қанап, тұншықтырып отыр-
ған империалистерді, олардың соғыс өр-
тін тұтандыруды мақсат ететін саясатын
әшкередейді. Барлық адал адамдарды
бейбітшілік үшін күресуге шақырады.
Оның жырлары күн сайын дамып отыр-
ған заманымыздың ұлы табыстарымен
үндес шығып отырады.

Н. ШЕТИНИНА,
Мұғалімдер институты 1-курсіннің
студенткасы.

Алға бар!»
Жаншылды жолда жыландай

Маяковскийге

Түнерген дүниенің түріп түнін,
Жұмысшы қару алып шыққан жылы,
Шырқады,
Көтерді ол асқақ үнін,
Біздің таптың жаршысы —

Ақын ұлы

Жаңашыл зор дауысы шықты аңы,
Шөпшүш партияның дұшпандарын.
Өрт сөндірген тасқынына үнін басты,
Жылан тілді өсекші азғындарды.
Әрбір сөзі жауларды тітіреткен,
Жүректен шытықпенен түйрегендей,
Патшаны,

Ескілікті құртып өткен,

Ал, өлең болдым,
Сөйлесін
Поэзия маршалы!

Халық атқан миллион өкпен бірдей,
Өткір сөзбен жүрегін жаудың тілің,
Паспортың көрсетеді.

Ал көріңдер!
Дейді ол мақтанышпен,
Тек сәл күліп,
Оқыңдар,

Күндесеңдер, күйіңдер!
Талаптың даңқты, үлкен адымымен,
Аттап өтті келешек жүз жылдарды.
Сөйлесті коммунизм адамымен,
Секілді бір ақылшы туыстары.

М. ӘЛИ.

Совет поэзиясының мақтаншысы

Совет поэзиясының мақтаншысы, ұлы
революцияның ұлы ақыны Владимир
Владимирович Маяковскийдің қайтыс
болғанына жиырма бес жыл толуын
бүкіл совет халқы атап өтуде, даңқты
революция ақынының ұлы есімін сүйіс-
пеншілікпен еске түсіруде.

Ұлы Октябрь революциясы Маяковский
поэзиясының қанатын самғай, жабына
мүмкіндік турғызды. Ақын адамзат тари-
хында жаңа заман ашқан осы революция-
ны «Менің революциям» деп зор мақтан
өтті. Осы уақыттан бастап ақын өз тар-
дырын түгелдей еңбекші халық тарды-
рымен ұштастырды. Халық, оны бастау-
шы партия, жаңа ғана қалыптасып жат-
қан жұмысшылар мен шаруалар мемле-
кеті, советтік жаңа құрылыс, революция
жеңісі Маяковский шығармаларының ар-
қауы болды.

Маяковскийдің ақындығы екі дәуірдің
шегінен — күні өткен екі дүние мен
жөнген социализм дәуірлерінің шегінде
дамыды. Ол ақындық дарындылығы ре-
волюцияға дейінгі Россияда туған ұлы
орыс ақыны болды. Революциядан кейін
социалистік қоғамның ұлы шындығын
«бар дауыспен» шаттана жырлаған, жаңа
социалистік поэзияның негізін салған тең-
десі жоқ ірі, әрі бірінші совет ақыны
болды. Совет өкметі жылдарында жасам-
паз совет халқының орасан зор жеңіс-
терімен бірге Маяковскийдің дарындылы-
ғы, оның ақындық күші де өсіп, нығай-
ды.

Владимир Маяковский Коммунистік
партияны халық бұқарасын бастаушы,
тек еңбекші халықтың мүддесі үшін қыз-
мет етуші бірден-бір жұмысшы партиясы
деп түсінді. Партияның ұлылығы мен
ұйымдастырушылық ролін, оның тарихи

жеңістерін өз шығармаларында ақын ша-
быттана жырлады. Міне, сондықтан да
ұлы ақынның мәңгі жасайтын шығарма-
ларын совет жұртшылығымен бірге, ка-
питалистік елдердің жұмысшылары да
сүйсініп оқиды. Капиталистік бұғаудап
құтылу жолындағы ерлік күресте ақын
шығармаларынан жігер алғандай бола-
ды.

Маяковский елімізде болып жатқан
ұлы оқиғаларға кезінде үн қосып отыр-
ды. Революцияның алғашқы күндерімен
бастап фельетондар жазды, «РОСТА пере-
зелері» деп аталатын плакаттар шыға-
руға белсене араласты. Бұл кезде өде-
биетте «Искусство искусство үшін» деген
жалған буржуазиялық теориясымақты
уағыздаушы буржуазия идеологтарының
әсері әлі де күшті еді. Маяковский оларға
қарсы келіспес күрес жүргізіп, өзінің
«РОСТА перзелерінде» істерен жұмыста-
рын мақтаншы етті.

1922 жылғы 5 мартта «Известия»
газетінде Маяковскийдің «Мәжілескорлар»
деген өлеңі жарияланды. Қолынан іс кел-
мейтін, мәжілеспен көп уақытын босқа
өткізетін мәжілескорларды ақынның сы-
қақ етуі Владимир Ильич Лениннің наз-
рын аударды. Лениннің мақұлдауы ақын-
ға жаңа жігер мен шабыт беріп, оның
творчестволық іздену жолын айқын көр-
сетіп берді.

Маяковский социалистік қоғамның
шындығынан туған жаңалықтарды жете
сезініп, шабыттана жырлады. Революция
жауларымен күресу, дінге қарсы насихат,
төрешілікпен күресу жаңа мәдениет,
социалистік қала құрылысы және
басқа революция шындығынан туған ак-
туальды тақырыптар Маяковский шығар-
маларынан үлкен орын алды. Ақын жа-

ңа заманның жаңалықтарын жаңа ша-
бытпен жырлап, келешекті өзіне шақыр-
ды.

Партия тақырыбы Маяковский өлең-
дерінде басты орын алды. Ақын партия-
ның басшылық және ұйымдастырушылық
ролін жете түсініп, оған өзінің көптеген
шығармаларын арнады.

Маяковский поэзияда тұңғыш рет өзі
сүйіп жырлайтын партияның көсемі—
Владимир Ильич Лениннің образын жа-
сады. Лениннің қайтыс болу әсерімен
жазылған Маяковскийдің «Владимир
Ильич Ленин» поэмасы социалистік ре-
волюцияның өдебиетте теңдесі жоқ көр-
кем, жоғары идеялы шежіресі болып та-
былады. Оқушы поэманы оқып отырып,
ұлы Лениннің данышпандық бейнесін
көреді. Октябрь күндері, революциялық
митингтер, Лениннің еңбекшілер бұқары-
сының алдында сөз сөйлеуі, оның ұйым-
дастырушылық қабілеті поэмада өле ше-
бер, шынайы етіліп берілген.

Владимир Ильич Ленин поэмасында
ақын Ленинді партиямен тығыз байла-
нысты, біртұтас образ ретінде көрсетеді:

Партия мен Ленин—
Егіз туған, —
Тарих — анаға қымбатты
Кім бұлардан:
Дейміз — Ленин,
Ұғамыз —
Партияны,
Партия — десек
Ойға түседі —
Ленин.

Бұл кезде Маяковскийге қас сыртшы-
әстеттер көркем шығармада «кеңшілік»
болу керек, оқығанның ізін ала көркем
шығарма жазуға болмайды, искусствода
Лениннің бейнесін жасау үшін көптеген

жылдар өту керек — дегенді айтып, дәлел-
деуге тырысты. Ақын мұндай сыншысы-
мақтарды өлтіре әшкередеп, Ленин тура-
лы поэмасында былай дейді:

Жүрегім үн береді —
Міндеттімін
Жазуға —

Борышымның мандатымен.

Маяковский шығармалары партиялық
бағытта, терең идеялы, поэзиялық жаңа
түрмен жазылған шығармалар. Оның пі-
кірі мазмұнымен қатар, өлең ырғақтары
мен түрлері жаңа советтік заманның ек-
пінді адымына сай естіліп тұрады. М. Ле-
ниннің сөзімен айтқанда «Маяковский
өз шығармаларының мазмұнын ғана емес,
сонымен бірге формасын да революция-
шыл халықпен ұштастыруға тырысты».

Владимир Маяковский ұлан-байтақ елі-
мізді аралап, бесжылдықтың жаңа құры-
лыстарында болды. Елімізді индустрия-
ландыру жөніндегі алып жоспарлар, совет
адамдарының бейбіт еңбектегі ерлік іс-
тері ақынды жаңа шығармалар жазуға
жігерлендірді. Ол Кузнецк комбинатының
құрылысында болып, «Кузнецк құрылы-
сы мен Кузнецк адамдары туралы өңгі-
ме» деген өлеңін жазды. Ақын Кузнецк
құрылысшыларымен әңгімелесіп, өлі еш-
қандай құрылыс, ешқандай қала жоқ
болса да, олардың келешекте сәулетті
қалаларды салып шығатынына сенді:

Қала да
Орнар
Өңірге,
Білемін —
Гүлдер
Тұрғанда —
Совет елінде
Осындай
Өңкей
Жақсы адам.

Ұлы ақын қайнаған өмірімен, ондағы

еңбек адамдарымен тығыз байланыста
болды. Күн сайын өсіп, нығайып келе-
жатқан социализм елінің қуатты күші
ақынды қуандырды. Октябрьдің он жыл-
дығына арнап жазған «Жақсы» поэмасы
ақынның Отанға, еңбек адамдарына де-
ген тамаша сүйіспеншілігінен туған қуа-
ныш жыры сыяқты. Бұл поэмада Мая-
ковский ССРО-ны бүкіл дүние жүзі ең-
бекшілерінің жарқын болашаққа жету
жолындағы жарық сәулесі, барлық ең-
бекшілердің Отаны ретінде көрсетеді:

Мендегі,
Адамзаттың көктеміндей,
Еңбекте және ұрыстарда
Туған,
Жырлаймын,
Сені Отаным,
Республикам.

Маяковский — социалистік революция-
ның, совет елінің, кемендер партияның
жалынды патриот ақыны болды. Өзінің
бүкіл саналы өмірін, қуатты дарынды-
лығын Отанға, коммунизм ісіне адал
қызмет етуге арнады. Оның барлық шы-
ғармалары социалистік реализм ерекше-
ліктерінің бірі болып табылатын опти-
мизмге толы. Ақын өзінің «Советтік пас-
порт туралы өлеңінде»:

Бөріңдер,
Күндесеңдер, күйіңдер
Мен
Совет Одағының —

азаматы, — деп өзінің
социалистік Отанын, оның тамаша адам-
дарын мақтан етеді.

Маяковский жас кезінен бастап-ақ өзі-
нің шығармаларын қарапайым халыққа
ете түсінікті, мазмұнды етіп жазды.

Ақын 1925 жылы Америкада болды.
Онда американдық «еркіндікті», буржуа-
зиялық жалған моральді және тұрмыс
азғындығын өз көзімен көрді. Маяковский

Америка туралы өлеңдері мен очерктер-
інде біріне-бірі қарама-қарсы қойылған
екі мәдениет, екі дүние туралы айтып,
жалған, өмізді американдық «демократия-
сын» өткір сынға алды. Американың
қарапайым адамдарын совет халықтары-
ның достары деп санады. Күні өтіп бара-
жатқан капиталистік дүниені жеріне
жеткізе әшкередеп, ызамен жазған Мая-
ковскийдің өткір саяси сатиралары дүние
жүзінде баянды бейбітшілік үшін күресіп
жатқан совет адамдарына, бейбітшілік
мүддесіне қызмет етуде.

Ұлы ақынның шығармалары совет поэ-
зиясының дамуына әсер етуде. Поэзияда-
ғы саяси лирика, сатира және басқа
жанрлар Маяковский дәстүрімен дамуға.
Маяковский қазақ совет поэзиясына да
әсер етті. Ақын Сәбит Мұқанов Маяков-
скийден үйрене отырып, қазақ поэзия-
сына жаңа өкпін, жаңа ырғақ әкелді. Т.
Жароковтың, Қ. Ергалиевтің және басқа
қазақ совет ақындарының өлеңдерінен
Маяковскийдің әсері көрініп тұрады.

Маяковский — шындықты поэзияда өзі
шығарған жаңа өлең түрімен, жаңа ыр-
ғақ, жаңа интонациямен шебер, өрі дәл
беретін социалистік реализм искусство-
сының өкілі. Оның бұдан бірнеше жыл
бұрын жазған шығармалары көзір дәл
бүгін жазғандай, күшін, маңызын
жойған жоқ.

И. Сталин жолдас айтқандай «Маяков-
ский біздің советтік заманның таңдаулы,
ең талантты ақыны болады және болып
қалады да». Заманымыздың ең талантты
ақынының творчествосы сәулетті комму-
нистік қоғам орнатып жатқан совет
адамдарымен бірге мәңгі жасайды, олар-
дың игі іс жолындағы ұлы күресіне
дем береді.

М. НҮРПЕЙІСОВ,
Ә. МУСАХАНОВ.

Азиялық елдердің халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі конференциясында

Индия делегаты Анап Сингхтің баяндамасы

Жаңа Азияның санасының оянуы тарихи маңызы бар оқиға болып табылады, деді Анап Сингх. Азиялық халықтардың тағдырын шамамен үш ғасыр бойы шетелдік қожайындар өз мақсаттарына сәйкес билеп келді. Бүгін таңда қайта туған Азияның өмірлік күштері тағы да кемеліне келіп отыр. Біз өз тағдырымызды өзіміз шешуге берік бел байлап отырмыз, сондықтан біздің тағдырымызды біздің сыртқымыздан басқа ешкімнің де және ешуақытта да шешуіне мүмкіндік бермейміз.

Баяндамашы 1954 жылы Индия мен Қытай Халық Республикасының премьер-лері Неру мен Чжоу Эн-лайдың бірлесіп жасаған мәлімдемесін еске салды.

Жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салу туралы мәселе жөнінде Анап Сингх мынадай ұсыныстар енгізді: 1) жаппай қырып-жоятын қару өндіруге тыйым салынуға тиіс; 2) оның көзіргі запастары құртылуға тиіс; 3) бұл қаруды өндіруге тыйым салу туралы халықаралық келісім жасалғанға дейін бұл саладағы бұдан былайғы тәжірибелерді тоқтату туралы келісімге көл жетуге тиіс.

Анап Сингх бұдан кейін отаршылдық және азиялық елдердің ішкі істеріне шетелдік араласушылық мәселесіне тоқталды.

Азиялық халықтардың көпшілігі ұзақ уақытқа созылған күрестен кейін, деді ол, ақырында бостандыққа жетті. Бірақ Азияда және дүние жүзінің басқа бөліктерінде халықтары отаршылдардың төңкісіне әлі де дұшар болып отырған аудандар бар. Өткен жылы Женевада Индо-Қытай жайында қол жеткен шешімдер келіссөздер жүргізу әдісінің салтанаты болғанын және бұл елдің тарихындағы қайғылы қаратұев күндерді үзілді-кесілді жойғанын атап көрсетіп, Анап Сингх Женева келісімдерін қатаң орындауға

шақырды. Біз, деп мәлімдеді баяндамашы, Индо-Қытайдың істеріне шетелдік араласудың үзілді-кесілді жойылуын талап етеміз. Біз уақытша бітім туралы келісімдерді бұзушылықты айыптаймыз және бұл келісімдердің адалдықпен, шынайылықпен орындалуын талап етеміз.

Индонезия халқының Батыс Приан жөніндегі талаптарын қолдап және бұл территория Индонезияның біртұтас бөлігі болып табылады деп атап көрсетіп, Анап Сингх Тайвань туралы мәселеге көшті. Тайвань туралы мәселе, деді ол, Қытай Шығыста жағдайды онан әрі шиеленістіруге. Бір кезде берілген салтанатты уәделерді бұзу арқылы америка саясатының шын мақсаттарын бүркемелеу үшін «екі Қытай» жайында адамнанғысыз жалған теория қолдан жасалды. Құрама Штаттар беделінен айрылған Чан Кай-ши тәртібін қолдап, Тайваньді соғыс базасы ретінде пайдалануда.

Біз, деп мәлімдеді баяндамашы, барлық америка өскерлерінің Тайваньдан және Қытайдың жағалаудағы аралдарынан өтетілуін, бұл аралдардың Қытайға тезінен қайтарылуын талап етеміз!

Бұдан кейін Анап Сингх Гоадағы жағдайға тоқталды. Көзір Португалия үстемдік жүргізіп отырған бұл шағын өңірді жер, деді ол, Индияның біртұтас бөлігі болып табылады. Баяндамашы Гоадағы Португалия өкімет орындарының бейбіт халық жөнінде төзуге болмайтын әдістер қолданып отырғанын айыптады.

Малайя, Кения және Солтүстік Африка халықтарының өз бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресімен байланысты мәселелерге тоқтай келіп, Анап Сингх былай деп мәлімдеді: Малайя халқына өзінің ұлттық үкіметін құруына мүмкіндік берілуге тиіс. Біз, деді ол бұдан кейін, барлық жерде де езілген халықтардың заңды бостандығы өздеріне берілуін талап етеміз. Біз барлық шетелдік өскерлердің Азиядан өкетілуін талап етеміз. Біз бұл елдердің ішкі істеріне қандай да болса шетелдік араласудың тоқтатылуын талап етеміз. Біз отаршылдық мәселесінде Азия мен Африка халықтарының үні бір жерден шығып отырғанын империалистерге өскерткіміз келеді. Біз жерішарының барлық бөліктерінде тұп тамырымен іріп-шіріген отаршылдық системасын толығымен құртуды талап етеміз!

Кореяны бейбітшілікпен біріктіру туралы талап қойып, Анап Сингх корей халқының өз тағдырын дербес шешуіне толық қолдау бар деп атап көрсетті. Біз, деп мәлімдеді ол, барлық шетелдік өскерлердің Корея территориясынан өкетілуін талап етеміз. Біз Кореяның солтүстігіндегі, сондай-ақ оңтүстігіндегі басшы қайраткерлерді және халықты өз елін біріктіруге жету үшін барлық күшін жұмсауға шақырамыз.

Баяндамасының қорытындысында Анап Сингх қатысушыларға арнаған сөзінде былай деді: Азиялық бауырлар! Біз осында жаңа тарихи заманның басталған кезінде кездесіп отырмыз. Біз соншалық зор құрбандықтар жасау арқылы жеңіл алған бостандықты, біз ендігі жерде еш уақытта да қолымыздан шығармайтын бостандықты сақтау жолындағы жорыққа аттанып отырмыз. Біз бейбітшілік ісіне берілдік, өйткені бейбітшілік — бұл Азияның ішкі рухы. Біз осында өз проблемаларымыз бен халықаралық проблемаларды талқылау және барлық халықтармен ынтымақтаса отырып, бұл проблемалардың шешімін табу үшін адамзаттың бір бөлігі ретінде жыйналып отырмыз. Азия елдерінің ынтымағы жасасын! Бейбітшілік жасасын!

Го Мо-жоның сөзі

Қосымша баяндама жасаған КХР өкілі Го Мо-жо доктор Анап Сингхтің баяндамасын талқылаудың негізі етіп алуды ұсынды. Бейбітшілікте қатар өмір сүрудің бес принципі жөнінде қытай халқының көзқарасын баяндай отырып, деді Го Мо-жо, менің осы баяндаманы толықтырғым келеді. КХР алғаш жарияланған күннің нақ өзінде, біз теңдік, өзара тиімділік және территорияның тұтастығы мен суверенитетті өзара құрметтеу негізінде басқа елдермен қатынастар орнатқымыз келетінін мәлімдедік. Го Мо-жо бұдан кейін халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған КХР-дің бейбітшілік саясатын көрсететін нақты фактілер келтірді.

Біз орнату мақсатын көздейді.

Халықаралық шиеленіс тудырып отырған Тайвань мәселесіне тоқтап, Го Мо-жо бұл шиеленістің себебі КХР-дің ішкі істеріне АҚШ-тың араласуынан болып отырғанын атап көрсетті. Қытай халқы, деді ол, территориясының тұтастығын сақтауға және өзінің ұлттық хауіпсіздігін берік қамтамасыз етуге тиіс. Бұл біздің борышымыз, сол сыяқты Гоаны Индиямен біріктіру — біздің индиялық достарымыздың борышы, ал Батыс Прианда қайтарып алу — біздің Индонезиядағы достарымыздың борышы болып табылады. «Біз бейбітшілікті сақтауға жалынды тілекпен ұмтылып отырсақ та, — деп мәлімдеді Го Мо-жо — тіптен біз бейбітшілікті сақтауға қолдау бермеуге әзірміз. Біз отаршылдыққа қарсы барлық халықтармен ынтымақтаса отырып, бұл проблемалардың шешімін табу үшін адамзаттың бір бөлігі ретінде жыйналып отырмыз. Азия елдерінің ынтымағы жасасын! Бейбітшілік жасасын!»

Ядролық, бактериологиялық, химиялық қаруға батыл қарсы шығуға шақырамыз. Біз атом қуатын бейбіт-мақсаттарға пайдалануды жақтап отырмыз.

3. Біз Азияның барлық халықтары а) Қытайдың ішкі істеріне АҚШ-тың араласуын тоқтатуды және барлық америка қарулы күштерін Тайвань аралы мен Тайвань бұғазынан өкетуді талап етуге шақырамыз; б) Индо-Қытай халықтарының бейбітшілікпен бірігуіне ұмтылған талаптарын орындалатын болуы үшін Женева кеңесіне қатысқан барлық елдердің Индо-Қытайдағы уақытша бітім туралы келісімді қатаң сақтауын талап етуге шақырамыз; в) мүлдем державалардың бейбітшілікпен бірігіп отыруын талап етеміз.

ВЕНГРИЯДА МАЙ АЛДЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

БУДАПЕШТ, 10 апрель. (СОТА). Венгрия кәсіпорындарының коллективтері елдің азат етілуінің он жылдығы құрметіндегі социалистік жарыста қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, өздеріне Бірінші май құрметіне арналған жаңа міндеттемелер алуда.

Воршоднаташ прокатшылары 7 апрельде жоспардан тыс 33 тонна прокат берді. Диосдер металлшылары апрельдің алты күнінің ішінде жоспардан тыс 240 тонна болат шығарды. Будапештегі тоқыма фабрикасының коллективтері өндірістік тапсырманы күн сайын асыра орындауда. Гобань машина жасау зауытының коллективі, П. В. Сталин атындағы металлургия комбинатының мартеншілері және басқалары зор өрлеумен еңбек етуде.

Кендел өнеркәсіп кооперативінің мүшелері Венгрияның азат етілуінің он жылдығы құрметіндегі жарыста алған міндеттемелерін орындап, көктемгі дала жұмыстарын ең қысқа мерзімде аяқтауға міндеттенді.

Май алдындағы жарыста қол жеткен табыстар туралы хабарлар елдің әр түпкірлерінен де келіп түседі.

ҚХР-да МАЙ АЛДЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ЖАРЫСЫ

ПЕКИН, 11 апрель. (СОТА). ҚХР-дің заводтары мен фабрикаларында май алдындағы еңбек жарысы барған сайын өрістей түседі. Баспасөз күн сайын жарысқа ондаған жаңа өнеркәсіп кәсіпорындары қосылып, олардың коллективі еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге және Бірінші майға дейін жоспардан тыс көптеген металл, көмір, станоктер мен басқа да әртүрлі тұтыну товарларын беруге міндеттемелер алды деп хабарлайды.

Баспасөздің хабарлауына қарағанда, май алдындағы еңбек жарысына Харбиндегі паровоз жөндеу заводы, Харбиндегі зығыр комбинаты, Мукдендегі болат балқытатын, велосипед шығаратын және электр-техникалық заводтар, Дальний-дегі машина жасау, химия заводтары және құрылыс ұйымдарының коллективі қосылған.

Цзиньчжоу темір жолының жұмысшылары мен қызметшілерінің коллективі май алдындағы жарысқа қатысып, жүк тасымалдау жөніндегі март айының жоспарын асыра орындады және вагондарға жүк тиеу және оларды айналымға беру жөнінде жақсы көрсеткіштерге жетісті. Цзиньчжоу теміржолшылары март айында жоспардан тыс көптеген көмір, прокат, тұз және құрылыс материалдарын тасымалдады. Бұл теміржолшылар март айында жүк составтарының жылдамдығын орта есеппен алғанда жоспардағыдан 1,3 есе арттырды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

БЕЙБІТШІЛ ЕЛДЕР ХАЛЫҚТАРДЫҢ БЕЙБІТШІЛІГІ МЕН ХАУІПСІЗДІГІНІҢ КҮЗЕТІНДЕ

Париж келісімдеріне қатысушы елдердің көпшілігі парламенттерінің бұл келісімдерді бекітуі халықаралық жағдайға елеулі өзгеріс енгізіп отыр. Әрине, милитаристік келісімдерді қабылдаудан бұл келісімдер жүзеге асырылады деген ұғым әді тумады. Бірақ олардың Батыс Германияны қаруландыруды көздеп отырғаны жаңа соғыс қатерін арттыра түсегенін жете бағаламауға болмайды.

Міне бұл жағдайда социализм мен демократия лагеріндегі елдер жүргізіп отырған бейбітшілікті қорғау саясатының ерекше маңызы бар. Агрессорлардың қылмысты соғыс жоспарларын жүзеге асыруға батылы барғандай күнде, оларға жүйреге тойтарыс беру үшін құралдың бәріне ие болып отырған ССРО мен халықтық демократия елдерінің халықтары өздерінің хауіпсіздігіне қамқорлығын күшейтіп, өз мемлекеттерінің күші мен қуатын еселеп арттыруда. Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өткен жылы өткізілген Москва Кеңесіне қатысқан мемлекеттердің жуырда консультациялар алысуы осындай қамқорлықтың айқын айғағы болып табылады.

Жұртқа мәлім, ССРО, Польша, Чехословакия, ГДР, Венгрия, Румыния, Болгария, Албания және байқаушы ретінде — Қытай Халық Республикасының өкілі қатысқан Москва Кеңесі, Париж келісімдері бекітілгендей жағдайда, қарулы күштер мен олардың командованысын ұйымдастыру саласында бірлескен шаралар қолдануға, сондай-ақ бейбітшіл елдердің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған басқа да шаралар қолдануға қарар қабылдаған болатын. Бұл қарарды орындай отырып, Москва Кеңесіне қатысушылар достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договор жасау жайында, сонымен қатар біріккен командование ұйымдастыру жайында консультациялар алысты.

Бұл шараларды бейбітшіл елдердің халықтары толығымен мақұлдауда. Апрельдің алғашқы аптасында болып өткен Венгрия мен Албания заң шығару органдарының сессиялары декларациялар қабылдап, бұл декларацияларда былай деп атап көрсетті: өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды белгілей отырып, албан және венгер халықтары бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғауға берік бел байлауда. Социалистік лагердегі елдердің басқа халықтары да осындай берік бел байлаған жігерін білдіреді.

Европадағы халықтық-демократиялық елдердің индустрияны өркендетуде қол жеткен табыстары олардың экономикалық қуаты мен қорғаныс қабілетін нығайтуды, сонымен қатар халықтың тұрмыс дәрежесін едәуір дәрежеде арттыруды қамтамасыз етуде.

Бұл елдердің халықтары барлық басқа халықтармен бейбітшілікте және достықта өмір сүруді тілеп отыр. Олар бейбітшілік үшін дөйектілікпен және батыл күресуде. Бірақ олар өздерін соғыс авантюраларына ұшыратқымыз келетіндердің қапылыста қалдыруына жол бермейді.

ЖАПОНИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ АҚШ-ТЫҢ ЖАҢА АЙЛА - ӨРЕКЕТТЕРІ

Жуырда америка мемлекеттік департаменті жапон сыртқы істер министрі Симеицудің келіссөздер жүргізу үшін АҚШ-қа баруын сұраған Жапонияның өтінішін қатал түрде қабылдамай тастады. Бұл жанжал жапон жұртшылығының күшті ашу-ызасын тудырды. Мемлекеттік департаменттің бұл қауымында Жапонияның беделі мен ұлттық қасиетіне соққы беруге, сонымен қатар Хатояма үкіметінің позициясын әлсіретуге әрекет жасалып отырғанын Токиодағылар толық негізбен көрді. Юнайтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісі, жанжалды түсіндіре келіп, былай деп жазды «дипломатиялық сарапшылар бұл жанжал жапон-америка қатынастарын анағұрлым қыйбыдатты деп мәлімдеді».

АҚШ-тың Жапония жөніндегі бұл әрекет және қорлайтын әрекеттері неден туып отыр? Мұның себебі тегі, мынадан болып отырса керек: Жапония, жасқаншақтықпен болса да дегенмен өзінің ұлттық мүдделерін қорғауға әрекет жасауда.

Американдардың ұзақ уақыт қожалық етуі салдарынан Жапония экономика мен финансы жағынан ауыр жағдайға дұшар болып отыр. Елдің бюджетіндегі қаржының басым бөлігін «қорғаныс» және Жапонияда тұрған америка қарулы күштерін ұстау шығындары жұтуда. Ресми-жапон мәліметтері бойынша, 1954 жылы бұл мақсаттарға, 132,7 миллиард иен қаржы босатылған. Келемі зор осыншама өнімсіз шығындар жапон экономикасының онысыз да ауыр жағдайын нашарлатта түсті, сондықтан да Жапония үкіметінің бұл шығындарды азайтқысы келетінін білдірген тілегі мүлде орынды. Бірақ бұл тілек АҚШ тарапынан қатты айыпталды.

Жапон үкіметі Қытай Халық Республикасымен және Совет Одағымен экономикалық, саяси байланыстар орнатуды жақтаған қыймылдарымен де АҚШ мемлекеттік департаментінің наразылығын тудырды.

билеуші топтары бейбітшілікте қатар өмір сүру принциптеріне мүлде дұшпандықпен қарап отыр. Джон Фостер Даллес бейбітшілікте қатар өмір сүру «әулымдық жаңа сөз» болып табылады деп көрсетті. Мұндай мәлімдеме жасаудың себебі мынада: бейбітшілікте қатар өмір сүру концепциясы Вашингтонның билеуші топтары жүргізіп отырған «күш көрсету тұрғысындағы» саясатқа мүлде қайшы келеді. АҚШ дүние жүзінің 50 елінде соғыс базаларын құрды. АҚШ соғыс блоктарын құру арқылы еуропалықтарды еуропалықтарға қарсы, ал азиялықтарды азиялықтарға қарсы шайқасуға мәжбүр етуге тырысуда. Азияны жаулап алу және мұнда жаңа отарлық күш орнату американың саясатының бір бөлігі болып табылады, ал бұл саясат дүние жүзіне үстем-

бітшілікті сұрап орнату үшін өзіміздің меншікті территориямызды ешуақытта да құрбан етпейміз. Біз соғысқа қарсы шығуға берік бел байлап отырсақ та, денеміз бізді ешқандай соғыс қатерімен қорқыта алмайды... Біз өзіміздің ұлттық тәуелсіздігіміз бен бостандығымызды енді ешуақытта да, қолдан шығармаймыз».

Го Мо-жо сөзінің қорытындысында қытай халқының атынан мынадай ұсыныстар енгізді:

1. Біз бейбітшілікте қатар өмір сүрудің бес принципі қолдан отырмыз және барлық үкіметтерді, ең алдымен Азия елдерінің үкіметтерін бұл принциптерді мақұлдауға шақырамыз.

2. Біз Азияның барлық халықтарын бірігуге және жашпай қырып-жоятын

қатыстыра отырып, Кореяны бейбітшілікпен біріктіру мәселелері жөнінде таяудағы уақытта халықаралық конференция шақыруды талап етуге, барлық шетелдік әскерлерді Кореядан әкетуді талап етуге және Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді бұзушылыққа қарсы күресуге шақырамыз.

4. Біз Азияның халықтарын азиялықтарды азиялықтарға қарсы пайдалану мақсатын көздеп отырған СЕАТО-ға қарсы және басқа агрессивтік блоктар құру жоспарларына қарсы күресуге шақырамыз.

Го Мо-жо Азияның халықтарын жалпыға бірдей бейбітшілікті қорғау және адамзаттың әл-ауқатын арттыру ісіне жаңа үлес қосады деп мәлім сенетінін білдірді.

және 1484 ауыр салмақты составтарды жөнелтті.

ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІ ЕҢБЕКШІЛЕРГЕ АУЫР АУЫРТПАЛЫҚ БОЛЫП ТИЕДІ

РИМ, 9 апрель. (СОТА). «Аванти» газетінің Парижден жарияланған мақаласында былай деп атап көрсеткен: Париж келісімдерінің жүзеге асырылуы қару-жарақ үшін француз үкіметінің көптеген қаражат шығаруын талап етеді, мұның өзі Франция еңбекшілерін көп нәрседен айырады. Көздің өзінде Францияның мемлекеттік бюджетінде тапшылық туғандығы белгілі болып отыр, ол ұлттық жыйналыс финансы комиссиясының председатели Поль Рейноның мәлімдеуіне қарағанда, 385 миллиард франкке жеткен көрінеді. Сонымен бірге Эдгар Фордың экономикалық кеңесшілерінің алдын-ала шығарған есептеріне сәйкес: Париж келісімдерінің бекітілгеннен кейінгі алғашқы бір жылдың ішінде соғыс программаларын жүзеге асыру үшін кем дегенде 1500 миллиард франк қажет болады, мұның өзі Вьетнамдағы соғыс жүргізілген барлық мерзім бойындағы финанстық көзқарастан алғанда, ең қиын жыл болып саналатын — 1953 жылдың шығынынан 350 миллиард франк асып түседі.

«Аванти» мынаны атап көрсетеді: қаруландыруға қажетті қаражатты іздестіру үшін Фор экономикалық және әлеуметтік мақсаттарға жұмсалатын бюджет қаражаттарын қысқартып, «қатаң үнем» тәртібін жүргізуге ниеттеніп отырған көрінеді.

АҚШ-ТА ҚЫЛМЫСТЫЛАР САНЫНЫҢ ӨСУІ

ВАШИНГТОН, 10 апрель. (СОТА). Федералдық зерттеу бюросының жетекшісі Гувер өкілдер палатасында мынадай мәлімдеме жасаған: өткен жылдың алғашқы алты айы ішінде Құрама Штаттарында бір миллион 136 мың 140 ірі қылмыс жасалды, мұның өзі 1953 жылдың алғашқы жартысындағыдан 88 мың 550 қылмыс артық жасалды деген сөз.

Гувердің сөзіне қарағанда, елде әрбір 13,8 секунд сайын ірі қылмыс жасалған, ал әрбір 4,3 минут сайын кісі өлтіру, зорлау немесе кісі өлтіру мақсатымен шабуыл жасау болып тұрған. Аталған мерзім ішінде барлығы 6380 адам өлтірілді және 54 мыңнан астам адам шабуылдар құрбандығы болды.

Гувер қылмыс істеу жастардың арасында кеңінен таратылып бара жатқанын атап көрсеткен.

Бейбітшілік, хауіпсіздік және прогресс үшін күресе отырып, Москва Кеңесіне қатысқан елдердің халықтары бүкіл экономиканың негіздерінің негізі, қорғаныс қабілетін нығайтудың және бұқараның әл-ауқатын ұдайы арттыра берудің қайнар бұлағы болып табылатын ауыр өнеркәсіпті өркендетуге бірінші жезекте көңіл бөлуде.

Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның елдерінде халықтық демократиялық құрылыс орнағаннан бергі 10 жылдың ішінде бұл елдердің өнеркәсібі өнімді соғысқа дейінгі дәуірмен үш еседен аса артық шығарды. Поляк Халық Республикасы өнеркәсіп өнімін Италиядағыдан артық өндіріп, халықтың санына қарай өнім шығару мөлшері жағынан Францияны қуып жетті. Поляк машина жасау өнеркәсібі соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда 8 есе ұлғайды. Көмір шығару өткен жылы 92 миллион тоннаға жетті, яғни Францияны, Италияны және Бельгияны қоса алғанда, олардың шығарған көмірінен асып түсті. Чехословак Республикасы халықтың санына қарай болат және басқа көптеген маңызды бұйымдар шығару көлемі жағынан Франция мен Батыс Германия сияқты елдерді басып озды. Венгрияда, Совет Армиясы азат еткен өзінің 10 жылдығы жуырда барлық демократиялық елдерде кеңінен атап өткізілген осы елде, ауыр өнеркәсіп өткен жылы өнімді 1949 жылғыдан шамамен 3 есе артық өндірді.

қалпына келтірудің американың негізінен басқа барлық дерлік рыноктерден қол үзген жапон экономикасы үшін аса зор маңызы болар еді десек, мұның өзі асырып айтқандық болмас еді. Шамадан тыс асып кеткен сыртқы саудадағы танылықтың салдарынан елде өнеркәсіптің бірқатар салалары жабылып, халықтың қайыршыланып отырғаны байқалуда.

Жапон халқының барлық топтары — өнеркәсіп иелері де, саудагерлер де, жұмысшылар да, шаруалар да Қытай Халық Республикасымен және Совет Одағымен іскерлік байланыстарды қалпына келтіруді қажырлылықпен талап етеді. Бірақ бұл талаптарды қанағаттандыруға тырысқан Жапон үкіметінің титтей әрекетінің өзі де Жапонияның Америкаға тәуелділігін бүтіндей сақтауға тырысқан АҚШ билеуші топтарының ашуы мен қарсылығын тудырады. Олар осы мақсаттары үшін Жапонияға қысым көрсетудің және оның ішкі тұрмысына араласудың өрескел әдістерін шімірлікпен қолданып отыр.

Американо-жапон қатынастарында болып отырған кәзіргі жанжалдың өзі де, бірқатар шетелдік баспасөз органдарының айтуынша, осындай қысым көрсету мен араласу әрекетінің белгісі болып табылады.

А. ШАТИЛОВ.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

АҚШ-ТАҒЫ АНТИКОММУНИСТІК ӘРЕКЕТТЕР

ВАШИНГТОН, 9 апрель. (СОТА). АҚШ-тың юстиция министрі Браунелл, американо-охранкасының директоры Гувер және юстиция министрлігінің ішкі хауіпсіздік мәселесі жөніндегі бөлімінің бастығы Томпкинс өкілдер палатасының қаржы бөлу жөніндегі көмекші комиссиясында сөз сөйлеп, американо-өкмет орындары іс жүзінде АҚШ-тағы прогресшіл элементтерді құғындауды күшейте беретін болады деп ашық айтқан.

АҚШ-та коммунистік партияға тыйым салу туралы өткен жылы қабылданған реакциялық заңға тоқтала келіп, Браунелл былай деп атап көрсеткен: юстиция министрлігі коммунистерді «сот жолымен құғындауға» жетісетін болады.

Прогресшіл қайраткерлер мен топтарды құғындау мақсатында әртүрлі жалған куәлерді пайдалану практикасын қорғай келіп, Томпкинс былай деп атап өткен: егер юстиция министрлігі «куәлердің үнемі қателеспейтін және қатерге ұрындырмайтын куәлігіне сүйенетін болса, мұның өзі сот зерттеулерінің бүкіл барысына масқаралық әсер жасаған болар еді».

АТОМ СОҒЫСЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАРСЫ

БУЭНОС-АЙРЕС, 9 апрель. (СОТА). Мұнда Аргентинаның бейбітшілікті қорғау комитетінің кеңейтілген мәжілісі болып, онда атом соғысын әзірлеуге қарсы Вена Үндеуіне қол қойдыру науқанының алғашқы қорытындылары шығарылған. Науқанға жұмысшылар, шаруалар және интеллигенция қатысуда. Көрнекті ғалымдар, жазушылар, конгресс депутаттары атом соғысына тыйым салуды және қару-жарақты қысқартуды жақтауда.

Улан-Батор—Цзинин темір жолының Монғолиядағы участкесінің құрылысы аяқталды

УЛАН-БАТОР, 10 апрель. (СОТА). Бүгін туысқан үш мемлекеттің ССРО, МХР және ҚХР астаналарын байланыстыратын және Москвадан Пекинге дейінгі жолды мың километрге дейін қысқартуға мүмкіндік беретін темір жолдың Монғолиядағы участкесінде рельс төсеу салтанатты түрде аяқталды. Таңертеңгі сағат 8-де Гоби шөліндегі шекаралық Цзамын-Удэ станциясына алғашқы жолаушы поезымен Улан-Батордан Монғол Халық Республикасының премьер-министрі Цеденбал, МХРП Орталық Комитетінің бірінші секретары, премьер-министрдің бірінші орынбасары Ширендыб, ішкі істер министрі Жанчив, транспорт министрі Ядамсурун, сыртқы істер министрінің орынбасары Идамжаб, сонымен бірге ССРО Елшісі В. И. Писарев, ҚХР елшісі Хэ Ин, БХДР елшісі Хон Дон Чер келді.

Цзамын-Удэ станциясына аз уақыт кідіргеннен кейін, ұрандар мен және транспаранттармен безендірілген, МХР-дың, ҚХР-дің және ССРО-ның тулары ілінген жолаушы поезы Қытай шекарасы-

на кірді. Мұнда Монғол Халықтық—революциялық партиясы мен МХР үкіметінің басшылары және құрылысшылардың көптеген отрядтарының қатысуымен ақырғы төрт буын рельс салтанатты түрде төселінді. Құрылыс бастығы Лубнавгов поезд жүрістерінің ашығандығы жөнінде премьер-министр Цеденбалға баяндады. Премьер-министр құрылысшыларға алғыс айтып, монғол, совет және қытай халықтарының мызғымас достығын құрметіне ұран тастады. Уралаған қуатты дауыс шексіз Гоби шөлін жаңғырдықтырды. Қытай құрылысшылары келді. Қытай және жолдың монғолдық участкесі құрылысшыларының арасында тебірен-терліктей кездесу болды.

Митинг ашылды. Құрылысшылар жол салуда кездескен қатал жағдайлар туралы және ешқандай қиындыққа қарамастан рельс төсеу мерзімінен бұрын аяқталғаны жөнінде айтты. Митинг аяқталды. ССРО-ның, МХР-дің және ҚХР-дің мемлекеттік гимндерінің айбынды үндері естілді.

ИРАНДЫ ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ СОҒЫС БЛОГИНЕ ТАРТУДАҒЫ АҚШ-ТЫҢ ӘРЕКЕТІ

БЕЙРУТ, 10 апрель. (СОТА). Ливанның «Аль-Анба» газеті «Иранды Орта Шығыстағы соғыс блогіне тартудың әрекеті» деген тақырыппен өзінің Тегерандағы тілшісінің хабарын басқан, онда былай делінген:

Ирандағы американо елшілігі Иранды Орта Шығыстағы соғыс блогіне тартуға бағытталған әрекетін өрістетіп түсуде. Осы мәселелерді қарауға арналған арнаулы комиссия құрылды. Оның құрамына

Иранның әртүрлі саяси қайраткерлері кіреді.

Васпасөзде Иранды Таяу Шығыстағы соғыс блогіне қатыстыруға арналған, сонымен бірге Түркиямен және Пәкістанмен екі жақты соғыс келісімдерін жасауға арналған науқан жүргізілуде.

«Бұл науқанды, — деп жазады газет, — американдықтар қолдайды және қаржыландырады, мұндай жобалар үшін американдықтар қаражат аямайды».

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орындаушысы — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00748. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.